

19 МАУСЫМ,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№65 (23 534)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Қордың үлесі
қомақты



4-бет

Рухы биік
реформатор



6-бет

Алтайдағы
айтыста
топты жарды



8-бет

• ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Моноқалалардың шарапаты мол

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев моноқалалардың экономикасын әртараптандыру маңызды екенін айтқан. Осы орайда басқа да салаларды дамытып, жана жұмыс орындары ашу аса өзекті мәселе әрі моноқалаларды өркендетуге қатысты нақты ұстаным мен ортақ пікір керек екенін атап, моноқалалар экономикасын әртараптандыру жөнінде тапсырма берген.

Бүгінде индустриалды аймақты құру, жеңілдікпен неснелеу және басқа да жұмыстардың нәтижесінде моноқала мәртебесінен шыққан Саран қаласының он тәжірибесі ескерілуде. Нәтижесінде моноқалалар үш топқа жіктелді, олардың әрқайсысы үшін басым шаралар айқындалды. Осы орайда Премьер-Министр Олжас Бектенов Қарағанды облысына арнайы жұмыс сапарымен келіп, моноқалаларды дамыту мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізді. Премьер-Министр төрағалығымен «Моноқалалардың болашағы: он тәжірибе және тұрақты даму» атты республикалық семинар-кеңес өтті.



Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбеков, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Екібастұз қаласының әкімі Аян Бейсекинін баяндама жасаған семинарға өңірлер мен моноқалалардың әкімдері,

сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары және сарапшылар қоғамдастығының өкілдері қатысты.

Қазіргі уақытта елімізде шамамен 1,5 млн адам тұратын 20 моноқала бар. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойын-

ша олардың үлесіне өнеркәсіп өндірісі көлемінің үштен бірінен астамы тиесілі. 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 36,4%-ды құрады. Олардың қатарында инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, өркендеудің жаңа

бағыттарын анықтау, IT, АӨК, туризм және ғылым салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру, көлік дәліздері бойындағы сервистік қызметті дамыту, индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтар қалыптастыру шаралары бар. Жаңа өндірістік

қуатты орнықты жүктеуге бағытталған отандық өндірушілермен ұзақмерзімді келісімшарттар мен офтейк-келісімдер тетігін одан әрі дамытуға және қолдануға ерекше назар аударылды.

► 4-бет

Туризмнің тынысы тарылмайды

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Туризм – ұлттық экономиканың маңызды саласына айналуы тиіс», – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент тапсырмасына сәйкес, бүгінде Қарағанды облысында бұл бағытта жүйелі әрі ауқымды жұмыстар қолға алынуда. «Қарағанды-Балқаш» тасжолы заманауи талапқа сай қызмет етіп тұрса, «Қарағанды-Қарқаралы» күре жолын жөндеу жұмысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар, Балқаш жағалауы мен Қарқаралы өңірі жаңа тыныс алып, инфрақұрылым жаңарып, цифрлы қызмет көрсетулер енгізілуде. Балқаш пен Қарқаралыда демалғысы келетіндер үшін енді AI чаттар, QR-кодтар, онлайн брондау платформасы және тәулік бойы қолжетімді көмек қызметтері жұмыс істейді. Жаңа технологиялар саяхатты жеңіл әрі қауіпсіз етеді. Туристердің қауіпсіздігі мен жайлылығына басымдық беріліп, көлік қатынасы жақсарып, жана туристік орталықтар құрылып жатыр.



Кәсіпкерлік хәм ел әлеуеті

Облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская ту-

ризмнің маңызды және болашағы зор сала екенін айтады.

– Жазғы маусымда туристердің



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

қауіпсіздігі мен жайлылығына ерекше көңіл бөлінеді. Инфрақұрылымды дамыту, нысандар салу және қызмет көрсету сапасы арттырылуда. Балқаш жағалауында 835 гектар жерді игеру жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жаңа әуе рейстері, автобус және теміржол бағыттары ашылып, вокзалдар мен әуежайларда қызмет көрсету жақсаруда. WhatsApp-та 24 сағаттық AI чаты енгізілді, қажетті қызметтерге қолжетімді QR-кодтары жұмыс істейді. Белгілер, жедел телефондар орнатылып, туристік полиция жұмыс істесе, 6 судан құтқару бекеті бар, жағажайлар барбекюмен, дәретханалармен, коқыс контейнерлерімен жабдықталған. Тұрақты түрде санитарлық тазарту жүргізіледі. Жол бойындағы қызмет көрсету нысандарының 82 пайызы стандартқа сай. Сонымен бірге, «QAZ ELI» онлайн брондау платформасы құрылып, Балқаш пен Қарқаралыда туристік орталықтар пайда болады. Инфрақұрылымды жақсарту, ауқымды шараларды өткізу туристік ағынды жыл сайын орта есеппен 10-15%-ға арттырады.

► 3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 597.59

•USD/KZT 517.45

•RUB/KZT 6.58

•CNY/KZT 72.04

Қазақстан Ұлттық Банкінің
18 маусым, 2025 жылғы дерегі бойынша

Моноқалалардың шарапаты мол

(Соңы. Басы 1-бетте).

Премьер-Министр Екібастұз қаласы экономикасын көтерудің және әртараптандырудың орнықты серпінін атап өтті. Бұл ретте 800-ден астам жұмыс орнын аша отырып, құны 138,4 млрд теңге болатын феррокорытпа зауытын салу жобасын іске қосу, сондай-ақ, индустриялық аймақ қалыптастыру маңызды рөл атқарды.

– Моноқалалар «өсуге ықпал ете алатын» аймақтарға айнала алады. Біз бұған «жасыл» технологиялар мен цифрлы инфрақұрылымның немесе креативті экономиканың даму мүмкіндіктері ретінде қарауымыз керек. Болашақ индустриясы осындай шағын қалаларда бастау алуы керек. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыруға баса назар аудару қажет. Бұл олардың экономикасын көтеруге және моноқалалар қатарынан шығуына мүмкіндік береді. Мысалы, қазіргі уақытта Екібастұз экономикалық құрылымы әртүрлі, көпсалалы қалаға айналуда. Яғни, ол үшін моноқала мәртебесі өзекті емес. Заманауи стандарттарға сәйкес келетін жаңа инфрақұрылымдық саясат құру бойынша жұмысты күшейту қажет, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ, Премьер-Министр тұрақты дамудың негізгі шарты жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау екеніне тоқталды.

– Ең басты мәселе – моноқалаларға инвесторлар тарту. Біз, әрине, әрбір қалада аурухана, мектеп, стадион және басқа да әлеуметтік нысандар сала аламыз, бірақ, жұмыс болмаса, ешкім ол жакта тұр-



майды. Сондықтан, инвесторлар тартуымыз керек, оларға қажетті жағдай жасау қажет. Оларға бос тұрған ғимараттарды, жер телімдерін ұсынып, жаңа кәсіпорындар ашуға жағдай жасалуы тиіс. Егер мұндай тәсіл болмаса, онда ешқандай даму болмайды. Сол себепті ең басты мәселе – инвесторлар тарту. Біз қазір Саран, Екібастұз және басқа қалаларда нәтижелер бар екенін көріп отырмыз, бірақ, бұл бағытта белсендірек жұмыс істеу керек, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Бұл ретте бизнесті қолдау жүйесінде жергілікті деңгейде қосымша құралдарды қолдану маңызды. Атап айтқанда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (ӨКК) жұмысының маңыздылығы және олардың экспортқа бағытталған бастамаларды жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз ету қажеттігі атап өтілді.

Семинарда Қарағанды облы-

сының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев баяндама жасап, өңірде мемлекеттің қолдауы арқылы кәсіпорындардың даму барысына тоқталды. Қарағанды облысы әкімінің сөзіне сүйенсек, аймақта жақын арадағы үш жылда моноқалаларда 6 трлн теңгеден астам өнеркәсіптік өнім өндіру және 2,3 трлн теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр. Өнеркәсіп өндірісінің өсімі 4%-дан, инвестиция 5%-дан асады деп күтілуде. Бұл облыстың өңдеу өнеркәсібін 9 пайызға, жалпы өңірлік өнімін 7,6 пайызға дейін өсіруге мүмкіндік береді.

– Қарағандыдағы 4 моноқалада облыс халқының 30 пайызы тұрады. Өңірде іскерлік және инвестициялық белсенділік артып келеді, бұл жалпы экономикаға оң әсерін тигізуде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өсу қарқыны 11,3 пайызға жетті. Облыстың жалпы өңірлік өнімі 9 трлн теңгеден асты, 45 пайызын өнеркәсіп құрайды.

Сол өнімнің жартысынан көбі моноқалаларда (51,2%) шығарылады. Өткен жылы экономикаға 1,4 триллион теңге инвестиция құйылды, оның 40 пайызы моноқалаларда. 90 пайызы – жеке инвестициялар. Биыл облысқа 1,5 трлн теңге инвестиция тартуды көздеп отырмыз.

Моноқалаларды әртараптандырудың бірінші кезеңінде өңірдің жетекші экономикалық және техникалық университеттерімен бірге ғылыми зерттеулер өткізіліп, олардың даму перспективасы әзірленді. Нәтижесінде «Qatmet» өндірісі бар 3 моноқала Қарағанды агломерациясын дамыту құрамына кірді.

«Қазақмыс» өндірісі бар Балқаш қаласын жеке кешенді

ның мүмкіндіктері, әсіресе, оның көлік-логистикалық маңызы мен кадрлық әлеуеті толықтай ескерілді. Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында осы бағыттарға баса назар аударды. Биыл Қарағанды және Саран қалаларында 3 шағын өнеркәсіптік аймақтың құрылысы аяқталады. Теміртауда «Кармет Сервис» базасында 20 мың шаршы метр аумаққа шағын өнеркәсіптік аймақ құру жоспарда. Биыл Шахтинск жылу-электр орталығы базасында 240 МВт-қа дейін электр энергиясын өндіретін жаңа бу-газ қондырғысын салу бойынша ГЧП жобасын іске асыруды жоспарлап отырмыз. Бұл жоба қала экономикасының құрылымын өзгертеді. Қуаттылықты арттыру арқылы жаңа

ды іске қосу бойынша жұмысты күшейтуі қажет.

Облыс әкімдіктерінің алдына Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп, биылғы 1 қазанға дейін моноқалаларда шағын өнеркәсіптік аймақтар бағдарламасын іске асыру үшін дайын өндірістік алаңдарды айқындау міндеті қойылды.

«Самұрық-Қазына» қоры мен «Бәйтерек» холдингіне облыс әкімдіктерімен бірлесіп, 1 желтоқсанға дейін моноқалаларда, оның ішінде «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын жүзеге асыру шеңберінде ұзақмерзімді шарттар мен офтейк-келісімшарттарды кенінен тартуды қамтамасыз ету тапсырылды.



жоспар бойынша дамытуды қолға алдық, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды облысының әкімінің айтуынша, Үкімет тұрақты жұмыс орындарын және салық түсімін қамтамасыз ететін жобаларды қолдады. Сол арқылы моноқалалардың әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру мүмкіндігі артты. Осылайша, істеп тұрған және жаңадан салынып жатқан өндіріс орындарын қолдаудың, индустриялық аймақты дамытудың арқасында Саран экономикасы әртараптандырылды және моноқалалар санатынан шығарылды. 6 жылда қалаға 430 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды, өнеркәсіптік өндіріс 6 есеге, құрылыс 10 есеге, қаланың өзіндік бюджет кірісі 5 есеге өсті. Осы орайда моноқалалардың бәсекелестік басымдықтарын ескеріп, олардың қарқынды даму («нүктелері» мен құралдарын анықталды.

– Қарағанды агломерациясы-

жобаларға инвестор тарта аламыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімінің сөзіне сүйенсек, «Qatmet-пен» бірге моноқалаларды одан әрі дамытуға бағытталған құны 218 млрд теңгені құрайтын 22 жоба анықталды. Оларды іске асыру мақсатында жер телімдері беріліп, инфрақұрылым тартылады. Бұл жобалар 1 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Жүйелі трансформацияны қамтамасыз ету үшін Премьер-Министр бірқатар нақты тапсырма берді. Осы жылдың 1 желтоқсанына дейін Қарағанды және Атырау облыстарының әкімдіктері Балқаш және Құлсары қалаларында индустриялық аймақтар құру бойынша жұмысты жеделдетуі тиіс, Ұлытау және Ақтөбе облыстарының әкімдіктері Сәтбаев пен Хромтау қалаларындағы индустриялық аймақтар-

Ұлттық экономика, Цифрлық даму, Ауыл шаруашылығы, Туризм және спорт, Ғылым және жоғары білім министрліктері мен облыс әкімдіктері биылғы 1 желтоқсанға дейін нақты инвестициялық жобаларды ескере отырып, моноқалалардағы экономика өсімінің жаңа драйверлерін айқындау бойынша шаралар әзірлеуі қажет. Ғылым және жоғары білім министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, биылғы 1 қазанға дейін моноқалалардағы техникалық мамандар тапшылығын азайту мәселесін пысықтауы керек.

Сондай-ақ, Көлік министрлігіне өңір әкімдіктерімен және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, биылғы 1 қазанға дейін ірі көлік дәліздерінің бойында орналасқан моноқалалардағы сервистік қызметті дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Суреттер primeminister.kz сайтынан

Туризмнің тынысы тарылмайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Туристік қызмет көрсету саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны жыл сайын 10%-ға өсуде. Мемлекеттік органдармен бірлесіп, туристердің тұруы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жоспары бар, – дейді Ирина Юрьевна.

Инфрақұрылым – басты назарда

Бұдан бөлек, облыста әуе қатынасының инфрақұрылымын жаңғырту аясында Балқаш қаласының әуежайы кешенді жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Стандартты параметрлері жетілдірілген. Ғимаратын реконструкциялау және арнайы көлік қызметі ғимаратын салу жобалары жалғасуда. Жаңғырту арқылы жолаушыларға қызмет көрсету сапасы жақсарып, өткізу қабілеті 30%-ға артты.

– 2023 жылы Балқаш қаласын дамытудың кешенді жоспары аясында «Қарағанды-Балқаш» облысшілік пойызының құрамы 4 вагоннан 6 вагонға дейін ұлғайтылған. Тұрғындардың сұранысын қанағаттандыру және жазда туристерді тарту мақсатында 1 маусымнан 6 вагоннан құралған және қунара қатынайтын «Қарағанды-Балқаш» облысшілік пойызының қосымша рейсі жолға шықты. Бұл жазда қосымша 30 мың жолаушыны тасымалдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Көлік министрлігімен бірлесіп «Балқаш-Алматы»



ТУРИСТЕРДІ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН НЕІТЗГІ ОРТАЛЫҚ – БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ (БЕРТІС ШЫҒАНАҒЫ АУДАНЫ) ЖӘНЕ ТОРАҒАЛЫҚ ПЕН ШҰБАРТҮБЕК ШАҒЫН АУДАНАРЫ.

теміржол бағытын ашу мәселесі пысықталып, биыл 1 наурыздан екі вагондық «Алматы-Балқаш-Алматы» тікелей пойызы жолға шықты. Бұл бағыт жылына 35 мыңға жуық адамды тасымалдайды, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мақсат Мұқашев.

Демалыс қауіпсіз болуы тиіс

Демалыс бар жерде қауіпсіздік мәселесі де дұрыс жолға қойылған болуы шарт. Туристерді қызықтыратын негізгі орталық – Балқаш қаласы (Бертіс шығанағы ауданы)

және Тораңғалық пен Шұбартүбек шағын аудандары. Бұл аудандарда туристік полиция белсенді жұмыс істеуде, Балқаш қаласы бойынша 9 полиция қызметкері жұмылдырылыпты.

– Жағажай маусымында Балқаш көлінің суларында тәртіпті сақтау күшейтіледі. Облыстық полиция департаментінің қызметкерлері іссапарға жіберіледі. BalkhashTourFest-2025 фестивалі кезінде (20-21 маусым) 100-ге жуық полиция өкілі, оның ішінде, 40 СОБР қызметкері жіберілімек. Полицейлер демалыс орындарында тәулігіне 12 сағат, демалыс және мереке күндері – күшей-

тілген тәртіпте кезекшілік етеді. Шұбартүбекте модульдік полиция бекеті тәулік бойы жұмыс істейді. Былтыр жағажай маусымында Бертіс шығанағы аймағына күніне 4 мыңға жуық, Тораңғалық пен Шұбартүбекте 8 мыңға дейін адам келген. Демалушылар қатарында еліміздің әр өңірінен, және шет елдерден келетін туристер бар. Ал, Қарқаралы ұлттық табиғи паркі аумағында күн сайын 20-ға жуық полиция қызметкері кезекшілік етеді. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында («Алматы-Екатеринбург», «Қарағанды-Аягөз-Тарабағатай-Бұғаз») жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін

полиция жасақтарының жұмысы күшейтілді. Демалыс күндері қосымша экипаждар шығарылады, дрондар қолданылады, – деді облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Жасқайрат Каиров.

Нәтижелі жұмыс дамуға бастайды

Қарқаралы ауданында туризмді дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі. Атап айтсақ, «Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы республикалық жолда жөндеу жұмысы аяқталу кезеңінде.

– Қаладағы Токтар Әубәкіров көшесі қайта жаңартылып жатыр. Автотұрақтарда жарықтандыру жүргізіліп, санитарлық-гигиеналық тораптар орнатылды. «Бұғылы» туристік аймағында инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары басталды. Қаладағы тарихи-мәдени нысандар қалпына келтірілуде. Қарқаралы ұлттық паркінде туристік бағыттар абаттандырылып, ақпараттық белгілер, демалыс орындары, қоқыс жәшіктері және биоәжетханалар орнатылды. Қауіпсіздік мақсатында 6 бақылау бекеті жұмыс істейді. Ауданның туристік имиджін көтеру мақсатында «Qarqaraly Biguly Fest-2025» мәдени-спорттық фестивалі өтеді. Бағдарлама аясында марафон, ашық аспан астындағы концерт, жәрмеңке мен этноөнімдер көрмесі ұйымдастырылса, жыл сайын «Mountain Bike» веложары-

сы өткізіледі. Туризмге инвестиция тарту мақсатында ұлттық парк аумағынан қосымша 20 жер телімі бөлініп, аукционға шығарылды, – деп атап өтті Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынов.

Бұдан бөлек, «Қарағанды-Балқаш» учаскесін реконструкциялау аясында 18 демалыс алаңы салынғаны да тілге тиек етілді.

Реконструкция шеңберінде аталған учаскеде 4 санитарлық-гигиеналық торап орнату көзделген. Бүгінгі таңда олардың біреуі (1777,9 шақырымда) орнатылып, электр қуатын тарту жұмысы жүргізілуде. Қалған үшеуін монтаждау жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Жалпы ауданы 172 шаршы метрді құрайтын санитарлық-гигиеналық торап, сауда алаңын, ерлер мен әйелдерге арналған бөлек кабинеттер және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған кабинеттер қамтымақ.

Түйін

Байқасақ, былтырғымен салыстырған облыстың туризмінде даму байқалады. Демек, туризмді дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі жүріп жатыр. Енді, туристердің санын арттыра түсу үшін, жағдайды бұдан да қолайлы ету керек. Себебі, қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдайы бар орындарға демалушылар көп келеді. Ендеше, осы игі іске әрқайсымыз мүдделі болайық.

Сурет облыс әкімдігінен

«Ақылды» ферма

Агросаланың ауқымы кеңейіп келеді. Бұл дегеніміз, ауылға бетбұрыс бар деген сөз. Өнірімізде қомақты қаржы құйылып жатқан ірі кешендер көп. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сүт өндірісін тиісті деңгейде ұйымдастыру керек. Бүкіл ел бойынша өз-өзімізді сүт өнімдерімен қамтамасыз ететін деңгейге жетуіміз керек», деп тиісті тапсырма жүктеген еді. Осыған байланысты Eurasia Invest компаниясы Осакаров ауданы Родников ауылынан 6000 сиырға арналған заманауи сүт-тауар фермасын салып жатыр. Бұл – еліміздегі 30 млрд теңгеден асатын ірі инвестициялық жобалардың бірі.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент пәрмені

Аймағымызда алғашқы «ақылды» сүт фермасы Нұра ауданы, Көбетей ауылынан салынып, бүгінгі күні өз жұмысын сәтті бастап отыр.

«Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жемшөп қоры да жеткілікті. Оған қоса, байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе, тәп-тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек», деген еді Президент.

Президенттің осы пәрменінен соң Нұра ауданының ауыл шаруашылық саласына жетекшілік ететін мамандар бірден солтүстік өңірге жолға шығып, ондағы ірі сүт фермаларын аралады. Күніне тонналап сүт өндіріп жатқан агрокәсіпорының барлық мүмкіншілігін көзбен көріп, қағазға түртіп алады. Мұндай ірі фермаларды мемлекет есебінен қаржыландыру жолдарын, ферманың толығымен автоматтандырылған цифрлық базасын алдыру мүмкіндіктерін асыл тұқымды сүтті сиырларды шетелден тасымалдау тетіктерін әбден меңгереді.

Аудандағы ауыл шаруашылығы саласының өкілдері елге бірден келе сала, ірі деген шаруа қожалықтарының басын қосып, әлгі әлеуетті жобаның нұсқасын ұсыныс етіп тастайды.

Содан, бұған дейін тек дөңді дақыл өсірумен айналысып, ырысын еселеп келген «Черниговское и К» ЖШС және «Рамадан МФ» ЖШС серіктестігі тауарлы ірі сүт фермасын салып, табысын тіпті ұлғайтуға ұмтылады.

– Сүт-тауар фермасын салу арқылы біз қызметімізді әртараптандырайық деп шештік. Біз – өсімдік өсірушілерміз. Жасаратыны жоқ, жыл сайын моно дән егумен айналысу қиындап барады. Сол себепті «Рамадан МФ» ЖШС-мен бірігіп, Қарағанды облысы мен Астана шаһарының сүт өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ететін заманауи тауарлы-сүт фермасын салу туралы шешім қабылдадық. Баса айта кететін дүние, екі жыл уақыт ішінде мұндай заманауи ферма салу оңайға соқпайды. Бұл жобаны бастан-аяқ қолдап, үлкен көмегін Үкімет тигізді, – дейді «Рамадан» сүт фермасы директорының мал шаруашылығын дамыту жөніндегі орынбасары Арман Нұржанов.

Ауылды «жарылқап» жатыр

Сонымен, жақында ғана ашылған «ақылды» сүт фермасының қаржысы да қомақты. Жоба құны 4.8 млрд теңгені құрапты. Оның 2 млрд 70 млн теңгесі кешеннің құрылыс жұмыстарына жұмсалған. 1 млрд 292 млн қаражаты ферманың заманауи жабдығына игеріліп, 1 млрд 463 млн теңгесіне асыл тұқымды сиыр алынады. Үкімет ферманың толық жабдығы мен малдарын субсидиялап жатыр. Ферма жана агроөнеркәсіптік кешендерге жеңілдікпен несие берудің мемлекеттік бағдарламасы бойынша салынууда.

Ферманың құрылысын екі мердігер «Asia Modern Group» ЖШС мен «ДСК-Строй» ЖШС жауапты болған. Құрылыс жұмыстарына ауылдың тұрғындарына да тартылған. Екі мердігер ұйым 45 адамға жұмыс беріпті.

Мұндай алпауыт жобалар ауылды жарылқайды. Мысалға, Көбетейдегі ағайын «екі қолға – бір күректі» осы бір фермадан



Озық технологиямен жабдықталған заманауи «Рамадан» сүт фермасы

тауып жатыр. Салынып жатқан кешеннің басшылары барынша ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуда. Қазірдің өзінде фермада 30-ға жуық адам еңбек етіп жүр. Кәсіпорын толық іске қосылған соң жұмысшы санын 70-ке жеткізбекші.

Негізінен басшылық бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеуге ниетті. Бұл дегеніңіз, дипломы бар көп жас ауылға қайта оралады.


– Бәсекеге қабілетті еңбекақы төленетін 70-ке жуық жаңа жұмыс орнын құрамыз. Егер, реті келіп жатса, одан да көп жұмыс орны ашылады. Бірінші кезекте ауыл тұрғындарын жұмысқа алып жатырмыз. Қазір олардың көпшілігі амалдың жоқтығынан елордада жұмыс істеп жүр. Кейбірі, тіпті, күнделікті қатынап істейді. Енді, біздің ферма ашылған соң жастар қаладан жұмыс іздейді. Туған ауылында тұрып, жана кәсіпорынның өсіп-өркендеуіне үлес қосатын болады. Әр ауылда осы секілді кәсіпорын, агрофермалар болса, онда ол ауыл дамиды. Ел көшпейді. Сырттан жұмыс іздейміз. Тағы да қайталап айтайық, ауыл жұртының жақсы табыс табуына мүмкіндік жасамақ ойымыз бар, – дейді директордың орынбасары.

Мысалға, Марлен Шеркенов осы уақытқа дейін Көбетей ауылының малын бағып келген. Ферма ашылысымен осында жұмысқа орналасқан.

– «Ақылды» ферма ашылады дегенде, ауыл болып қуандық. Осы уақытқа дейін өрісте жүріп, ауылдың малын өсірдік. Еңбек еттік. Енді жаңа фермаға орналастық. Мұнда тұрақты жоғары айлық бар. Жұмыс жеңіл. Барлығы автоматтандырылған. Жұмыстың денін техника күші атқарады. Біздің міндет – малдың жай-күйін қадағалау. Ауылдың жастарын да фермаға алып жатыр, – дейді ферманың малшысы Марлен Шеркенов.

Жем-шөп қоры жеткілікті

Ферманың орналасқан жері де көп шаруаға оңтайлы. Нұра



тұқымды сиырларға былтыр 15 мың тонна әзірлеп қойған жем-шөбін беріп отыр.

«Фермаға жұмыстың барлық циклін автоматтандыруға мүмкіндік беретін заманауи бағдар-

қағысы, жемшөбі мен салмағы, күндік беретін сүтінің мөлшері мен құрамы туралы мәліметтер жинақталады. Әр асыл тұқымды сиырдың арнайы «чипы» болады. Сол арқылы күніне, айына қанша сүт бергенін көре аламыз», – дейді ферманың жетекшісі Жансерік Сейтмұратұлы.

«Dairysomp» дәуірі

Ферманың ең басты артықшылығы – цифрлы технологиясында. Тек, сауынды автоматтандырып қана қоймай, табындағы әр сиырдың күйіне қатысты көрсеткіштерді бақылайды. «Ақылды» арнайы қондырғысы арқылы орталық басқару пультіне түсіп отырады. Бұл зоотехникке де өте тиімді. Компьютермен қай сиырдың сүтті екені, қайсысының сүті азая бастағаны, қай сиырдың дұрыс жем жемей жүргені туралы мәліметтерді онлайн режимде алып, қажетті шару-



ауданының орталығынан 25 шақырым, Астана қаласынан 70 шақырым жерде салынып жатыр. Дәп күрежолдың бойында. Сүт фермасының басшылары сүт өнімін әуелі Қарағанды облысына өткізіп, артылғанын Астанаға саудаламақшы.

Бұл арада бес фермадан тұратын кешен, сондай-ақ, жемшөп өндіруге арналған сүрлем алаңы бар. Тауарлы-сүт фермасында арнайы астық тазартқыш қоймасы қатар орналасқан. Мұнымен қоса, тамшылатып суару жүйесі орнатылған.

Тауарлы-сүт фермасы қажетті азықпен өзін-өзі қамтамасыз етеді. Ол үшін су тарту құрылысын және су құбыры желілерін салу жобасы әзірленіп, қолға алынған. Жоба сүрлемге және басқа да дөңді дақылдарға орналастыратын жасыл жүгері отырғызу жоспарланған 700 гектар алқапты суарады. Жоба «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қолдау тауыпты. Аустриялық «Вауег» фирмасының алты шашыратқыш машинасын сатып алған. Қазіргі уақытта фермадағы асыл

лама енгізілген. Яғни, сиыр сауатын орын сүттің мөлшері мен сапасын автоматты түрде бақылайтын жоғары технологиялық құрылғымен жабдықталды. Мұндай толық «ақылды» құрылғыны Германиядан арнайы алдырдық. Бұл бағдарламаның ең бір кереметі сауын алаңындағы әр сиырдың күйі, дене қызуы, жүрек

асын алдын ала бағамдайды. Еуропаның әйгілі «Dairysomp» қондырғысын енді орнатады. Қазір дайындық жұмыстары жүріп жатқан көрінеді.

Мұның арқасында өнім әрбір мал басын күйлі ұстайды. Жоғарғы технологияның мүмкіндігі арқылы сүт фермасы алдағы уақытта өнім сапасын арт-

дау қолға алынады» дейді басшылық.

Агроқешен келешегі

Бұл – «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы қолдаған аудандағы, тіпті, облыстағы ірі тауарлы-сүт фермасын құру бойынша инвестициялық жобалардың бірі. Жаңа ферма



Ресейден әкелінген «Гольштейн» атты асыл тұқымды сиырлар

тырып, мал азығын үнемдеп, кәсіпорындағы еңбек шығынын қысқартады.

Ферманың мал қорасында іштегі ауаны желдетіп, тазартып тұратын арнайы қондырғыны да қоймақ. Тіпті, малдың жем-шөбін беретін ауыл шаруашылығына пайдаланылатын шетелдің шағын техникаларын сатып алып жатыр. Демек, мұнда жұмыс атқаратын малшылардың да, сауыншылардың да жұмысы жеңілдейді.

Күніне 25-30 тонна сүт

Кәсіпкерлер Ресейден 403 «Гольштейн» атты асыл тұқымды сиырдың алғашқы легін әкелді. Енді қалған екі бөлігін шілде, қазан айында жеткізеді. Бұл сиырлар – ең

агроөнеркәсіптік сектор мен мал шаруашылығын дамытуға серпін беретіні сөзсіз.

«Біз мұндай өндірістік жобаларға міндетті түрде қолдау көрсетеміз. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы жеңілдікпен кредит беру өз тиімділігін көрсетті. Яғни, қаржыландыру жағынан мәселе болмауға тиіс. Сүт өндірісін тиісті деңгейде ұйымдастыру керек. Бүкіл ел бойынша өз-өзімізді сүт өнімдерімен қамтамасыз ететін деңгейге жетуіміз керек», – деген еді Мемлекет басшысы Солтүстіктегі сүт фермаларын аралап жүріп.

Осы уақытқа дейін өнірімізде шикі сүт тапшылығы сезіліп келген еді. Енді, міне, оның да оңтайлы шешімі табылды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Цифрлы әлемнен сырт қалмайды

Орталық коммуникациялар қызметі орталығында «Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер баскармасының атқарған жұмыстары» тақырыбында брифинг өтті. Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер баскармасының басшысы Константин Ильницкий атқарылған жұмыстардың нәтижесімен және ауқымды жоспарлармен бөлісті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер баскармасының басшысы Константин Ильницкий баяндамасында әуелі Senim109 орталығының атқарып жатқан жұмысына тоқталды.

— Бізде Senim109 орталығы жұмысын жалғастыруда. Бұл — тұрғындардың жергілікті атқарушы органдарға жүгінуіне арналған ыңғайлы платформа. Өткен жылы 146 мыңнан астам өтініш түсті. Ал, биылдың өзінде 77 мың өтініш тіркелді. Жақын арада біз үйлер мен лифтілердің жағдайына қатысты өтініштерді қабылдауға арналған жаңа сервисі іске қосамыз. Бұл тұрғындардың тұрмыстық мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді, — деді Константин Ильницкий.

«Қауіпсіз қала» жобасы аясында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы облыстың қалалары мен аудандарында (Қарағанды, Теміртау, Саран, Балқаш, Абай, Шахтинск, Осакаров және Бұқар жырау аудандары) 400 жаңа бейнекамера орнатылған.

Сонымен қатар, 80 жедел жәрдем көлігіне ішкі және сыртқы бақылау жасайтын бейнекамералар қойылды.

Жолдарды бақылау үшін 22 «Жаяу жүргінші өткелін бақылау» кешені орнатылды. Биыл тағы 300 қосымша камера қолданысқа берілемек. Қазіргі таңда облыста барлығы 3 584 камера мен 172 жол бақылау кешені жұмыс істеп тұр екен.

Талдау жұмыстары көрсеткендей, анықталған құқықбұзушылықтар саны артқан. Осы жылдың басынан бері 71 504 жағдай тіркелді. Өткен жылдың осы кезеңінде 59 600 болған. Баскарма басшысы бұл көрсеткіштің өсуі — жаңа кешендер мен жылжымалы жылдамдық өлшеуіштердің орнатылуымен байланысты екенін атап өтті.

Жер телімдерін алу процесі жеңілдетілді және жеделдетілді.



Коллаж жасаған Шамир Адамбеков

Енді өтінішті геопортал арқылы беруге болады. Құжат рәсімдеу мерзімі 60 жұмыс күнінен 30 күнге қысқарған. Өткен жылы 10,5 мың өтініш келіп түсті. Биыл 3,4 мыңнан асты. Соның ішінде, 1,5 мың жер телімі рәсімделген.

IQala жобасы коммуналдық қызметтерді онлайн алуға мүмкіндік береді. Кезекке тұрмай-ақ, кеңселерге бармай-ақ шаруаны тындыруға болады. Платформада су, жылу, газ және интернет жеткізушілерінен тоқсаннан астам қызмет қолжетімді. Өткен жылы осы платформа арқылы 9 мыңнан астам қызмет көрсетіліпті.

IQala — Қарағанды, Теміртау және Балқаш қалаларында жұмыс істейді. Болашақта қызмет түрлерін кеңейтіп, жаңа жеткізушілерді қосу жоспарда бар екен.

IT-хаб «Террикон алқабы». Бұл — дарынды жастар мен IT-мамандар тоғысатын орталық. Өткен жылы 70-тен астам іс-шара өткізіліп, оларға 2,6 мыңнан астам адам қатысқан. Freedom Holding, Meta, Kaspi сынды ірі компаниялар өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылған. Осы жобаның арқасында жиырмаға жуық студент тұрақты жұмыс тауыпты.

Өткен жылы акселерациялық бағдарлама аясында 8 стартап жалпы сомасы 56 млн теңге көлемінде қаржыландыру алды. Сонымен қатар, инкубатор жобаларына 3 млн теңгеден бөлінді.

Спикер облыстағы интернет мәселесіне де тоқталды. Өткен жылы Ақтоғай ауданының Қуаныш, Үшарал және Жалаңаш ауылдары Beeline-ның 4G жоғары жылдамдықтағы мобильді интернетіне қосылыпты.

Былтыр облыстың 106 мектебі

Starlink спутниктік интернетіне қосылды. Бұл шалғайда жатқан елдімекендердегі 8 мыңға жуық оқушыға онлайн ресурстарға тұрақты қол жеткізуге мүмкіндік берді. Алайда, бұл — уақытша шешім. Біз мектептерді талшықты-оптикалық интернетке көшіруді бастадық. Өткен оқу жылында 4 мектеп осындай байланысқа қосылды. Ал, Starlink жабдықтары қайта таратылды.

Өнірде ғана емес, тұтас Қазақстан аумағында 5G желісін дамыту мәселесі кейінгі жылдары өзекті болып тұр. Былтыр Қарағанды қаласында Altel/Tele2 операторы 39 базалық 5G станциясын орнатты. Биыл тағы 13 станция іске қосылған. Бұл — мобильді байланыстың сапасын жақсартып, бесінші буындағы интернеттің қамту аймағын кеңейтпек.

Қаладан бөлек, ауылдардың интернетпен қамту мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Beeline компаниясымен жасалған келісімге сәйкес, биыл 13 ауыл 4G мобильді интернетіне қосылмақ. Қарқаралы ауданының 4 ауылында жұмыстар жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі. Мердігер анықталған. Құрылыс мамырдың екінші онкүндігінде басталған. Қалған 9 ауылда жұмысты оператор өзі жүргізуде. Қарқаралы ауданындағы Сарыобалы мен Шет ауданындағы Қызылтауда қосулы. Қалған ауылдарға жыл соңына дейін жетеді.

Бұл шара облыстың 3 мыңға жуық тұрғыны үшін байланыстың сапасын арттыратынын атап өтті баскарма басшысы.

Өнірде «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы іске асырылуда. Бұл — интернетті дамыту бағы-

тындағы басты жобалардың бірі. 2027 жылдың соңына дейін іске асырылады. Ол 5 негізгі бағытты қамтиды.

Біріншісі — ауылдардағы үй шаруашылықтарына дейінгі «соңғы миляны» субсидиялау. Яғни, 98 ауылға жергілікті желі тартылады. Нәтижесінде 164 мыңнан астам адамды тұрақты әрі жылдам интернетпен қамтамасыз етеді.

Екіншісі — ауылдық елдімекендерді талшықты-оптикалық байланыс желілерімен қамтамасыз ету. Жоба аясында 179 ауылға заманауи талшықты-оптикалық байланыс желілері жүргізіледі. Осы бағыт сәтті жүзеге асса, 50 мыңнан астам тұрғынды тұрақты интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Үшіншісі — республикалық және облыстық жолдар бойында антенна-мачталық құрылымдар салу. 2026 жылдың соңына дейін жолдардың бойында 14 антенна-мачталық құрылым орнатылады. Антенна-мачталық құрылым бұрын байланыс тұрақсыз болған, немесе, мүлде болмаған учаскелерде мобильді байланысты қамтамасыз етеді.

Төртіншісі — облыс орталықтарында бесінші буын (5G) мобильді байланысты енгізу. Қарағандыда 5G базалық станцияларын орнату жалғасуда. Биыл қосымша 45 станция іске қосылады екен.

Бесіншісі — аз қоныстанған ауылдарға спутниктік байланыс арналарын ұйымдастыру. Қазіргі уақытта кабель жүргізу қиын 33 аз қоныстанған ауылға спутниктік қолжетімділік нүктелері орнатылған. Бұл жұмыстар 2025 жылдың қазан айында басталады.

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Тактайдай жол төселуде

Жаз басталғалы Абай ауданында жол жөндеу жұмыстары жалғасып, елдімекендердің кіреберіс және ішкі жолдарына тактайдай асфальт жол төселуде.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дмитрий Терешиннің айтуынша, аудан бойынша жалпы пайдаланыстағы жолдардың ұзындығы 789,1 шақырымды құраса, соның 86 шақырымы

Кешегі күнге дейін «Дила Компани» ЖШС сол оң жағалаудың 2,6 шақырымына асфальт төсеп, тактайдай қылып қойды. Бұған бөлінген 150,613 миллион теңге толық игеріліп, жұмыс сапалы атқарылғанын көзбен көріп, көңіліміз толды.

Келесі бір Қызыл ауылына



республикалық, 236,1 шақырымы облыстық, 92,6 шақырымы аудандық, 69 шақырымы Абай қалалық, 295 шақырымы ауылшілік маңызы бар жолдар екен.

Биыл содан аудан ауыл-кенттері ішіндегі және Топар су қоймасының оң жағалауына баратын жолдарды орташа жөндеп, асфальттау қолға алынған.

кіреберіс 5,1 шақырым жолдың жөндеуіне 281,782 миллион теңге бөлініп, бұл шаруаны «Нарек717Строй» ЖШС атқаруда. Қазірдің өзінде олар осы жолдың 2,5 шақырымын жөндеп бітті.

Аудандағы жол жөндеп, асфальт төсеу жұмыстары одан әрі жүргізіліп жатыр.

Абай ауданы

Сурет автордан

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жаңа қадам уақыты

Қарағандыда дамуында проблемалары бар балаларға арналған ерте араласу қызметі пайда болады. Аймақ биыл «Дара» қайырымдылық қорының «Мүмкіндіктер уақыты» жобасына енді. Күзге қарай облыста үш жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасыларға ерте қолдау көрсету қызметі іске қосылады деп күтілуде.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба жетекшісі Айгүл Табергенованың айтуынша, өткен жылы еліміздің 11 өңірінде психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің базасында 18 қызмет ашылды. Осы уақытқа дейін білікті мамандардың көмегі ел көлемінде 170-тен астам отбасы алған.

— Биыл «Мүмкіндіктер уақыты» жобасы аясында алғаш рет әлеуметтік қорғау жүйесі белсенді қатысуда, — деп атап өтті «Дара» қорының өкілі. — Қарағанды, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстарында үш жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасыларға ерте қолдау көрсететін алты қызмет ашуды жоспарлап отырмыз. Сәбилерді дамытудың аса маңызды кезеңінде арнайы оқытылған әлеуметтік қызметкерлер уақытылы және білікті қолдау көрсетеді. Спикерлер ретінде біз инклюзия саласындағы халықаралық сарапшыларды шақырамыз.

Аймақта жоба облыс әкімдігінің, сондай-ақ, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар баскармасының, «Шеврон» компаниясының қолдауымен іске асырылады.

Отбасыларды ерте қолдау қызметі қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үйде қызмет көрсету бөлімшесінің базасында орналасады. Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары аяқталғанша, қажетті жабдықтар сатып алынуда. Сондай-ақ, екі әлеуметтік қызметкер оқудан өтіп жатыр.

— Аталған қызмет жұмысы жоспар күзде басталуы тиіс. Бірақ толыққанды жұмыс жыл соңында басталады. Қызмет тегін көрсетілетінін атап өту керек, — деді «Мүмкіндіктер уақыты» жобасының жетекшісі.

Жаңа қызмет балалардың дамуындағы бұзушылықтарды өмірдің ең ерте кезеңдерінде анықтауға және кешенді көмек көрсетуге бағытталған. Бұл балалардың мүгедектік деңгейін мендетіріп қана қоймай, балалар мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасын едәуір жақсартады.

Сурет Жұмыспен қамтуды үйлестіру және Әлеуметтік бағдарламалар баскармасынан

Табиғат жауапкершілікті талап етеді

Шахтинск қаласында «Таза Қазақстан» республикалық науқаны аясында өткен экологиялық акция — кезекті сенбілік емес, ұлттың табиғатқа деген көзқарасын қайта саралаған күн болды. Адам мен табиғат арасындағы үнсіз келісімді еске салған шарада 140-тан астам ерікті, «Жасыл ел» жауынгерлері, түрлі мекеме қызметкерлері мен жай тұрғындар орман алқабын тазартуға шықты.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олар бір күнде 200-ге жуық қап қоқыс жинады. Пластик пицца, тұрмыстық қалдық, сынған бұтақтар — адамның табиғатқа деген жауапсыздығының айғағы. Бірақ, бұл жолы жауапкершілік

пен жанашырлық қатар жүрді.

— Отбасымызбен орманға жиі келеміз. Табиғат аясы ластанып жатса, жанымыз жабырқайды. Бүгін бәріміз бірге шықтық. Балаларға қоқыс жинауды емес, таста-

мауды үйреткіміз келеді, — дейді қала тұрғыны Мария Кожевникова. Оның бұл сөзі — осы шараның нағыз мағынасын ашып тұрған тұжырым.

Экологиялық акция әртүрлі жастағы, түрлі маман иелерін біріктірді. Көбі бұл іске алғаш рет емес, бірнеше жылдан бері қатысып жүр. Тазалық — олар үшін міндет емес, парыз. Жыл сайын белсенділік артқанын айтады еріктілер штабының үйлестірушісі Алексей Варзасен:

— Бұл — полистиленнен толған орманды аршып алу ғана емес. Бұл — экологиялық санаға қосқан үлес. Жастардың белсенділігі көңіл қуантады. Кейбіреуі қатарынан үшінші рет келіп жатыр.

Ұйымдастырушылар мұндай шаралардың бір реттік емес, жүйелі, тәрбиелік маңызы бар екенін баса айтады. Ресурстық жастар орталығының жетекшісі Қайырым Шамбіл былай деді:

— Біз тек қатысуға емес, ұйымдастыруға да жастарды тартамыз. Қарапайым әрекет — үлкен өзгерістің бастауы. Президент бастамаларын қолдау — тек сөз-

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

бен емес, әрекетпен дәлелденуі тиіс. Біздің жастар туған жерінің тазалығына бейжай қарамайды. Бұл — ел болашағының нышаны.

Акциядан тыс қаланың нақты келенсіз нүктелері де назардан тыс қалмады. Степная көшесінің бойындағы бұрынғы қоқыс үйіндісі толығымен тазартылды. Арнайы техника 20 тоннадан астам қалдықты шығарды. Ескерту белгілері орнатылды. Енді ол жерде бейнебақылау камералары да қадағалайтын болады.

Тазалық — тек физикалық іс емес. Ол — рухани тәрбие, мәдениет, сана. Бұл күні Шахтинск тұрғындары қоқыс жинап қана қойған жоқ. Олар табиғатпен үндестікте өмір сүрудің жауапкершілігін де арқалады.

Бүгінгі экоакция — ертеңгі ұрпақтың табиғатпен қатынасын қалыптастыруға салынған алғашқы сұрлеу. Ал сол сұрлеудің соңы — гүлге оранған орман, тыныс кең қала, санасы сергек ұрпақ болғай.

Сурет Ұйымдастырушылардан

Қордың үлесі қомақты

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен әлеуметтік дамудың берік негізі қалыптасып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен құрылған қор жер-жерлерде әлеуметтік нысандар ашуға мұрындық болуда. Қордың негізгі көмегі денсаулық сақтау, әлеуметтік қамту, білім беру және спорттық бағытта. 2022 жылдан бері қор көрсеткен қолдау көлемі 17 млрд теңгеден асады. Оның ішінде, Қарағанды өңірі де бар. Қор тарапынан аймаққа 8,7 млрд теңге көлемінде қайырымдылық жасалып, 13 жоба жүзеге асырылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басты байлық – денсаулық

Қордың денсаулық сақтау саласында көрсеткен көмегі үш бағытты қамтиды. Әуелгісі, инновациялық дәрі-дәрмек сатып алуды қаржыландыру. Одан кейін әлемдегі озық өндірушілердің құрылғыларымен жабдықтау және дәрігерлер мен мамандарды жаңа технологияларды енгізу мақсатында оқыту.

Қор тұжырымдамасына сәйкес көмек еліміздің ең әлсіз және қорғаныссыз азаматтарына көрсетіледі. Сол арқылы көптеген әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпал етеді. Қор науқастарға өмірлік маңызды дәрі-дәрмекке қол жеткізуге көмек бере отырып, оларға жаңа өмір сыйлайды. Мәселен, орфандық ауруларға шалдыққан емделушілерді

қамтылған отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған не ата-ананың бірінің мүгедектігі бар отбасылардың балалары алады. Бағдарлама бойынша 103 бала тіркелген, аймақтан 9 наукас бар. Бұл бағытта қор облыстағы науқастарға 1,440 млн теңге бөліп отыр.

Сонымен қатар, қордың көздің мүйізгек қабығын ауыстырып салуды қажет ететін көз ағзаларының аурулары бар пациенттерге қайырымдылық көмек көрсету жобасы бар. Облыстың жеті тұрғыны қор арқылы аталған көмекті алды. Бағдарлама көз ағзаларының аурулары бар пациенттерге, атап айтқанда, көздің мүйізгек қабығын ауыстырып салу арқылы соқырлыққа әкелетін сүйел, бұлдырлық, туа біткен ауруларды (кератоко-нус) емдеуге бағдарланған.

Бүгінгі таңда мүйізгек соқырлығымен ауыратын пациенттерге көруді қайтарудың бірден-бір



психикалық бұзылулар және мінез-құлықтың бұзылуы (11,9%) себеп. Ерте араласу орталықтары осы себеп салдарын жоюға күш салады. Бұл жобаға қор 64,3 млн теңге жұмсады.

Шала туған балалардың ретинопатиясын емдеуге және офтальмологиялық скрининг жүргізуге

метті жандандыру үшін қор қор-нез-құлықтың бұзылуы (11,9%) себеп. Ерте араласу орталықтары осы себеп салдарын жоюға күш салады. Бұл жобаға қор 64,3 млн теңге жұмсады.

Шала туған балалардың ретинопатиясын емдеуге және офтальмологиялық скрининг жүргізуге метті жандандыру үшін қор қор-нез-құлықтың бұзылуы (11,9%) себеп. Ерте араласу орталықтары осы себеп салдарын жоюға күш салады. Бұл жобаға қор 64,3 млн теңге жұмсады.

Сонымен қатар, пульмонологиялық, камбустологиялық және кардиологиялық қызметтер де қор қолдауы арқылы жаңа жабдықтармен қамтылды. Аталған қызметтер облыс орталығында ғана емес, Теміртау, Шахтинск, Саран

үшін ұрықтың туа біткен ауытқулары мен перинаталдық нәтижелерді ерте диагностикалауды жақсартуды көздейді. Ана мен баланы қорғаудың сапасы және оның нәтижесі ультрадыбыстық диагностика мамандары мен генетик дәрігерлердің құзыретіне тікелей байланысты. Осы себепті мамандардың біліктілігін арттырудың маңызы зор. «Медициналық генетика» және «Ультрадыбыстық диагностика» мамандықтары бойынша біліктілікті арттыру курстары мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру осы мақсатты көздейді. Екі мамандықтан ел бойынша 25-тен, барлығы 50 маман Санкт-Петербург қаласындағы Д.Отт атындағы акушерлік, гинекология және репродуктология ғылыми-зерттеу институтында біліктілігін арттырып қайтты. Олардың арасында екі қарағандылық маман да бар. Жоба 2023 жылы жүзеге асырылды.

Қордың арнайы жобасымен «Трансплантация үйлестірушісі» мамандығы бойынша бір маман білімін арттырып келді. Ал, ел бойынша 24 маман 2023-2024 жылдар аралығында Стамбул қаласында оқыды. Бүгінде Қазақстанда трансплантация үйлестірушілерін кәсіби даярлау жүйесі жок. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, трансплантация үйлестірушілері – орган донорлығын дамытуда қозғаушы күші. Осыған



Qazaqstan halqyna

кент қаласында да ашты. Аталған аймақтарда қажеттілік басым. Жалпы, мүгедектігі бар балалардың саны жылына шамамен 3000-4000-ға көбейіп келеді. Тек өткен жылы 13 мың баланың мүгедектігі алғаш рет анықталды. Олардың өмір сүру сапасы мен әлеуметтенуін жақсарту үшін ең алдымен, оңалтуға үнемі қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Аудандық оңалту орталықтары жобасы бойынша Балқаш қаласының көпбейінді ауруханасында да оңалту орталығы ашылды. Жоба бюджеті – 241,2 млн теңге. Оның мақсаты – шалғай елдімекендерде заманауи оңалту құралдарымен жабдықталған оңалту орталықтарының қолжетімді желісін кеңейту, мамандарды оңалтудың тиімді әдістеріне оқыту. Жоба аясында еліміздің 17 облысында 19 өңірлік оңалту орталығын ашу және жабдықтау жоспарланған.

Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру жобасы ел бойынша 8 орталықты қамтиды. Қайырымдылық көмекті 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі аутизм және басқа да психикалық ауытқулары бар, мүгедектігі бар балалар және олардың отбасылары алады. Бұл орталықтарда көмек кешенді жүргізіледі. Жоба аясында мамандарды оқыту да қарастырылған. Мамандарды оқыту жобаны жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Өйткені қазіргі уақытта аутистік спектр бұзылысы бар балаларға және олардың отбасыларына көмек көрсететін мамандар жеткілікті білім мен тәжірибеге ие емес. Сонымен қатар, бұл бұзылыстардың жыл санап көбейіп келе жатқаны да жасырын емес. Сондықтан, бұл бастама да қоғам үшін маңызды.

Мүгедектігі бар балалар мен жастарды инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету жобасы бойынша облыстан 13 наукас көмек алды. 86,6 млн теңгелік көмекті 14-29 жас аралығындағы



дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша жоба қор құрылған 2022 жылдан қолға алынған. Қордың ресми сайтындағы дерекке сүйенсек, 2022-2024 жылдар аралығында қор 62,3 млрд теңге сомасына 490 адамның дертіне шипа болатын аса маңызды дәрілік заттарға қол жеткізуге себепші болды. Оның 300-ге жуығы – балалар. Бұлар – мемлекет ұсынбайтын сирек және ауыр аурулары бар азаматтарды қымбат, заманауи, инновациялық, тіркелмеген дәрілік заттар. Мәселен, қор әлемдегі ең қымбат 2 млн АҚШ доллары тұратын «Золенгсма» препаратын 5 наукас балаға сатып берді. Оның ішінде, қарағандылық кішкентай пациент те бар екені мәлім. Дәрілік зат жұлынның бұлшықет атрофиясын (SMA) емдеу үшін қолданылады. Жалпы, облыстың 43 тұрғыны осындай көмек алды. Бұған қор 3,609 млрд теңге көлемінде қаражат бөлді.

Бұдан бөлек, онкологиялық ауруы бар 95 науқасқа да осындай көмек көрсетілгенін атап өту керек. Ел бойынша 2023 жылдың қараша айынан бастап онкологиялық аурулары бар 241 пациент қамтамасыз етілді. Қордың бұл жобасы жыл соңына дейін жоспарланған.

Балалардың туа біткен қан тамыр патологиясы проблемасын шешу, халықтың әлеуметтік осал топтарынан гемангиома диагнозы қойылған 18 жасқа дейінгі балаларға медициналық көмек көрсету де осы бағытта жатады.

Қордың тағы бір жобасы балалардың туа біткен қан тамыр патологиясы проблемасын шешуге бағытталған. Оның мақсаты – халықтың әлеуметтік осал топтарынан гемангиома диагнозы қойылған 18 жасқа дейінгі балаларға медициналық көмек көрсету. Көмек атап айтқанда, мүгедек балаларға, көпбалалы отбасылардан, толық емес отбасылардан, аз

әдісі – мүйізгек қабықты ауыстырып салу (кератопластика). 2018-2019 жылдары жүргізілген оталар өкінішке қарай тоқтап қалған. Елде донорлық материал мен көз банкінің болмауы – пациенттер үшін күрделі проблема. Сондықтан, басқа елдің арнайы көз банкінен алынған консервіленген донорлық материалды қолдану бүгінгі күні мәселенің жалғыз шешімі болып табылады. Мұндай оталарды науқастар қордың көмегімен жасауы екіталай. Сондықтан, қор қарапайым адамдардың қалтасы көтермейтін, қолы жетпейтін көмекті қайырымдылық ретінде жасап келеді.

Заманауи құрылғылар сапаны арттырады

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының базасында ашылған ерте араласу орталығы – аймақта қор қолдауымен жүзеге асқан алғашқы жобалардың бірі. Дамудың ерте кезеңдерінен бастап, даму бұзылулары бар және олардың пайда болу қаупі бар балалар үшін Қарағандыдан бөлек, 12 өңірдегі ерте араласу орталықтары материалдық-техникалық жарақтандырылды. Бұған дейін елде ерте диагностика және ерте абилитация жүйесі жок еді. Өмірдің алғашқы кезеңдерінде дұрыс жүргізілген диагностикалау және түзету өзгерістерді жұмсартып қана қоймай, жаңа бұзушылықтардың алдын алады, балалардың әлеуметтік бейімделуінің, өмір сапасын жақсартады.

Ғылыми ақпарат көздеріне сүйенсек, шала туған нәрестелер арасында мүгедектік пайызы 20-дан 30%-ға дейін, ал, толық жетілгендер арасында – 6%. Елдегі балалар мүгедектігіне бірінші кезекте жүйке жүйесінің аурулары (28,5%), екінші орында туа біткен ауытқулар, деформациялар және хромосомалық бұзылулар (24,9%) және үшінші орында –

арналған құралдар ел бойынша 14 облыстың 28 медициналық мекемесіне алынды. Оның ішінде облыстық клиникалық аурухананың №1 және №2 перинаталдық орталықтары, облыстық клиникалық балалар ауруханасы, Теміртау қаласының көпсалалы ана мен бала орталығы, сондай-ақ, Балқаш қаласының орталық ауруханасы да аталған жабдықтарға ие болды. Ел өңірлеріндегі медициналық ұйымдардың көпшілігінде шала туған ретинопатиясы бар балаларға медициналық көмектің толық көлемін көрсету үшін офтальмологиялық скринингке арналған жабдық жоқ. Ал, бұл дерт – көру қабілетінің төмендеуінің, көру қабілеті мен бала соқырлығының негізгі себептерінің бірі. Сондықтан, қор аталған жобаны қолға алды. Жоба бойынша аймаққа 72,4 млн теңгеге арнайы жабдықтар алынды.

ҚН балалар нейрохирургиялық қызметін дамыту жобасы еліміздің 19 өңірінің нейрохирургтері үшін оқыту іс-шараларының кешенін жүргізу арқылы өңірлердегі балаларға көрсетілетін мамандандырылған және жоғары технологиялық нейрохирургиялық көмектің қолжетімділігін жақсартуды және сапасын арттырады.

Қауіпсіз нейрохирургиялық емдеудің заманауи технологияларын трансферттеу үшін жағдай жасалуда. «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ өңірлерде операция кезінде пациенттерді қауіпсіз нейрохирургиялық емдеу бойынша заманауи тәжірибелер мен тәсілдер трансфертін жалғастыруға мүмкіндік алады. Бұл орталыққа жоспарлы нейрохирургиялық көмекке күту парағындағы кезектілікті біртіндеп төмендетеді. Жоба аясында аймақтың балалар нейрохирургия қызметін жандандыру үшін 92,2 млн теңге бөлінді.

Облыста онкологиялық қыз-



қалаларының ауруханасында, Қарқаралы, Абай аудандарының аудандық ауруханаларында жүзеге асырылуда.

Камбустологиялық қызмет Қарағанды секілді өндірістік аймақ үшін маңызды. Сондықтан, оны дамыту үшін қор 526,5 млн теңге бөлді. Кардиологиялық қызметке 487,9 млн теңге және пульмонологиялық қызмет үшін 78,5 млн теңге бөлінді.

Әлемнің озық деген өндірушілерінің құрал-жабдықтарымен жұмыс істей білетін маманның болуы заңдылық. Заңдылықты сақтай отырып, қор мамандарды оқытумен де айналысады.

Маман біліктілігі бірінші орында

Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту нәресте өлімі мен мүгедектікті азайту

байланысты, шетелдік көшбасшы елдердің озық тәжірибесін зерделеу және халықаралық трансплантациялық қоғамдастықпен интеграциялау арқылы орган донорлығы қызметін күшейту және кәсібилендіру қажет. Қордың осындай ауқымды да маңызды мәселеге атсалысуы саланы ілгерілетуге сеп болары сөзсіз.

Әлеуметтік қолдау мен оңалту – маңызды қадам

«Қазақстан халқына» қоры Қарағанды облысында төрт қайырымдылық жобасы мен бағдарламасын жүзеге асырды. Бұған қор қаражатынан 900 млн теңге бөлінді. Жобалардың барлығы әлеуметтік сипатқа ие. Облыстық балалар клиникалық ауруханасында ашылған оңалту орталығы сондай. Мұндай орталықты қор Қарағандыда ғана емес, Жетісу, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстары және Шым-

науқастар алды. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дұрыс таңдау үздіксіз оңалту процесін қолдау, қозғалыс бұзылыстары бар адамдардың әлеуметтік бейімделуі мен белсенділігін қамтамасыз ету және тәуелсіз белсенділіктің шекарасын кеңейту, сондай-ақ, қайталама және үшінші деңгейлі асқынудардың дамуын болдырмау үшін қажет.

Қорда ресми мәлімдегендей, көрсетілетін көмектің басымдығы кімнің бірінші өтініш бергеніне байланысты емес. Өтініштің өзектілігі мен ауырлығы бірінші кезекте. Қор қазақстандықтардың барлық мәселелерін физикалық тұрғыдан бірден шеше алмайды. Сондықтан, қор ең өзекті әрі шұғыл мәселелерді қарастырып, содан кейін ғана басқа да мәселелерді шешуге көшеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒЫМ

Рухы биік реформатор

Кей адамдар уақытпен бірге көмескіленбейді, олар күн өткен сайын қадірлене түседі. Ерсін Рақышев – сондай адам. Бір жыл өтті... Бірақ оның дауысы әлі құлақта, көзқарасы – есімізде, ісі – ел есінде. Ақ желенің салмағын тек кәсіби біліктілікпен емес, жүрекпен көтере білген ол дәрігер ғана емес, жүйенің жүрегіне айналған жан еді. Диагностикалық орталықта жүрген ақ халатты жас маманға қарап: «Міне, Ерсін ағаның мектебі осындай!» – дейтіндер көп. Себебі ол жүйе құрды, ұрпақ тәрбиеледі, реформа жасады. Ең бастысы – адам қалпынан айнымады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерсін Көкенұлы Рақышев 1945 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданына қарасты Теңдік ауылында (қазіргі – Мұса Шорман есімі берілген ауыл) дүниеге келген. Балалық шағынан-ақ бойынан еңбекке адалдық, жауапкершілік пен білімге деген ерекше құштарлық байқалатын. Ауылда дүние есігін ашқан кара баланың болашақта Орталық Қазақстан медицинасында өз қолтаңбасын қалдырып, елге елеулі, жұртқа жанашыр тұлға боларын кім білген?

1963 жылы мектепті тәмамдаған соң болашақ тағдырын адам жанының тыныштығымен байланыстырған Ерсін Көкенұлы Қарағанды мемлекеттік медициналық институтына оқуға түседі. Қарашаңырақтан ақ халатты абыроймен киіп шыққан оның есімі көп ұзамай Орталық Қазақстан медицинасында белгілі бола бастайды. Себебі, ол Қарағанды медициналық институтының табалдырығын аттағанда-ақ, бір күннің емес, бүтін дәуірдің дәрігері болуға ниет етті.

Алғашқы еңбек жолын №9 қалалық ауруханада терапевт болып бастаған ол кейіннен бөлім меңгерушісі, бас дәрігер, қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. Ісіне ұқыпты, сөзіне нық, тірлігінде тұрақ бар Ерсін Көкенұлы 1989 жылы облыстық диагностикалық орталықтың тізгінін ұстады. Осы кезден Қарағанды медицинасында тың дәуір басталды. Орталық оның басшылығымен Қарағанды облыстық көпсалалы емдеу-диагностикалық бірлестігіне айналды. Аты ғана емес, заты да өзгеріп, өңір медицинасының жүрегіне айналған іргелі мекемеге ұласты.

Ерсін Рақышев тек дәрігер

ғана емес, ғылымға жан-тәнімен берілген зерттеуші еді. 1996 жылы ол Орталық Қазақстанның экологиялық ахуалы ауыр аймақтарындағы ауыл тұрғындарының денсаулығы туралы тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Бұл – жай ғылыми жұмыс емес, ел тағдырын толғаған зерттеу болатын. Ғалым ретінде 100-ден астам ғылыми мақала жариялап, бес әдістемелік құрал әзірледі. Оның қаламынан туған еңбектер тек ғылымға емес, шынайы практикаға негізделіп жазылды.

Ерсін Көкенұлы – медицинада цифрлық жүйенің ең алғаш көшбасшысы болған тұлға. Диагностикалық процестерге автоматтандырылған ақпараттық жүйе енгізіп, жаңашылдықтың жолын ашты. Оның бастамасымен шалғайда жатқан ауылдарға көмек қолын созатын жылжымалы медициналық кешендер жолға шықты. Бұл – ақ халатты абзал жанның шекараға карамайтын жанашырлығының дәлелі еді. Тіпті, Семей полигонының зардабын тартқан аймақтарға дейін бұл көмектің лебі жетті.

Ерсін Рақышевтің еңбегі ел есінде, ерлігі – тарихта. Оның медицинаға сіңірген еңбегі жоғары бағаланды. 1986 жылы «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісін иеленсе, 2002 жылы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағы берілді.

Сол жылы Франция өнеркәсіп қауымдастығы оған заманауи технологияларды денсаулық сақтау саласына енгізгені үшін алтын медаль табыс етті.

2004 жылы Швейцария өнеркәсіп қауымдастығы Ерсін Көкенұлын «Мінсіз іскерлік беделі үшін» марапаттады. Бұл – дүниежүзі мойындаған шын құрметтің белгісі. Ал, туған топырағы – Баянауыл жұрты 2019 жылы оны «Ауданның Құрметті азаматы»



атағына лайық деп таныды. Бұл – балалық ізі қалған жердің бауырына басқан алғысы.

Ерсін Көкенұлының өмірі – адалдыққа адал болудың үлгісі. Ол өз ісіне ғана емес, елге де шын берілген азамат еді. Жанымен жасаған ісі жүректерде қалды. Енді оның есімі – естеліктерде ғана емес, ол болашағы үшін еңбек етіп жүрген әр маманның жүрегінде жаңғырады.

«Онымен алғашқы кездесу – мен үшін жаңа әлемге енгенмен бірдей болды», – деп еске алады жоғары санатты невропатолог-дәрігер Баян Сегізбаева. Ол Ерсін Көкенұлының тікелей басшылығымен жұмыс істеп, кәсіби болмыстың биігін сол кісінің жанында жүріп танығанын тебірене айтады.

Диагностикалық орталықтың кеңес беру бөлімінде қызмет еткен дәрігерлер Ерсін ағаның жанында жүріп, өз жұмыстарының мәнін тереңірек түсінді. Олар өздерін жай ғана дәрігер емес, адам өмірін ерте кезеңде құтқаратын маман, күрделі диагноздың кілтін табатын сарапшы ретінде сезінді. Бұл – Ерсін Көкенұлы қалыптастырған орта мен құндылықтың жемісі еді. Бас дәрігер ретінде ол үнемі

клиникалық ойлау қабілетін дамытуға, үздіксіз білім алуға, ғылыми ізденіске басымдық берді. Ол әріптесінің жаңа бастамасына шабыт сыйлап, өсуіне жол ашатын. Жай ғана қолдау көрсетпей, сол қолдаудың артында мықты сенім тұратынын ұғындыратын.

Оның басшылығымен бір мақсатқа жұмылған, сапа мен даму жолын серік еткен мықты команда қалыптасты. Ал, оның орнатқан адамгершілікке негізделген кәсіби рухы – ұжымның бүкіл болашағына іргетас болып қаланды. Бұл – Ерсін Рақышевтің мектебі болатын.

Жоғары санатты денсаулық сақтау ұйымдастырушысы Элеонора Лагай Ерсін Көкенұлымен иық тіресе еңбек еткен жылдарын ерекше жылылықпен еске алады.

Ол кісі алғаш облыстық диагностикалық орталықта Ерсін Көкенұлының бірінші орынбасары болса, кейін бұл байланыс Қарағанды облыстық көпсалалы емдеу-диагностикалық бірлестігі мен облыстық медицина орталығында да жалғасын тапты. Оның айтуынша, ол басқарған жылдары жаңаша ойлайтын, жүйені түбегейлі өзгертуге қауқарлы мықты реформалар жүзеге асты. Жаңа басқа-

ру үлгілері енгізілді, қаржылық жоспарлаудың тың тетіктері жолға қойылды, халықаралық конференциялар ұйымдастырылды, ғылыми еңбектер қорғалды.

Осының бәрі бір арнаға тоғысып, орталықты қуатты, көпбейінді медициналық мекемеге айналдырды. Бұл – көзбен көрген, көңілге түйген нақты мысал. Бұл – тиімді медициналық реформаның өміршең үлгісі.

Ал, сол орталықтың цифрлық дәуірге бет бұруында инженер-программист Наталья Кильдің де еселі еңбегі бар. Ол 1994-2003 жылдары ақпараттық технологиялар бөлімін басқарды.

«90-жылдары Қарағандыдағы диагностикалық орталық еліміздегі медицинаны цифрландыруда алғашқылардың қатарында болды. Бұл тікелей Ерсін Көкенұлының көрген шешімі мен батылдығының арқасында мүмкін болды. Электронды тіркеу енгізіліп, бөлімдер арасында мәлімет алмасу жүйесі құрылды. Біз тек техника орнатқан жоқпыз – болашақтың іргесін қаладық», – дейді ол.

Оның алға қойған межесі – бүгінгі медицинамыздағы ақпараттық жүйелердің негізіне айналды.

Ол болашақты көре алатын жан еді.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды медицина университетінің ұстазы Найля Дюсембаева – Ерсін Рақышевтің өміршең бастамасының куәгері. 1991 жылдан 2008 жылға дейін ол басқарған медициналық-генетикалық орталық дәл Ерсін Көкенұлының бастамасымен құрылған еді.

Найля ханымның айтуынша, Рақышевтің ықпалы – өңірдегі генетикалық диагностиканың тұтас жүйесін қалыптастырған тарихи бетбұрыс. Ол заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етіп қана қоймай, кадрлық әлеуетті нығайтуды да ұмытқан жоқ: білікті мамандарды әлемнің алдыңғы қатарлы орталықтарына оқуға жіберді, ғылыми ізденісті қолдады. Оның көрегендігі арқасында генетикалық көмек шалғай ауылдарға дейін қолжетімді болды.

Ал, 1990 жылы ультратрадыстық диагностика бөлімін басқаруға келген Майя Әбжанова қызметке Ерсін Көкенұлының өзі арнайы шақырғанын тебірене еске алады.

«Бөлім жаңа жабдықпен толық жабдықталып, жас мамандар – білікті орталықтарда тәжірибеден өтіп келген кәсіби кадрлар еді. Бізге жүктелген сенімді сезініп, зор жауапкершілікпен жұмыс істедік», – дейді Майя Әбжанова.

Жылдар өте келе, бұл бөлімде 250 мыңнан астам зерттеу жүргізіліп, ғылыми жұмыстар қолға алынып, ауыл-аймақты аралаған жылжымалы тексерулер ұйымдастырылды. Бұл – науқастың өз аяғымен дәрігерге келуін күттіп, дәрігердің өзі ел ішіне бет алған кезең еді. Ерсін Рақышев – жүрегі үлкен, ақылы кемел, болмысы бекзат басшы болды.

Диагностикалық орталықта нағыз ұжымды рухтас, максаттас, ынтымақтас жандардың тобын қалыптастырды. Дәрігерлер мен ұстаздардың бір арнаға тоғыстырып, үлкен бір отбасын құрды. Әріптестерінің жағдайына үнемі назар аударып, әділетке жақ, еңбекке құрметпен қарайтын басшы болды. Қаталдық пен қамқорлықты қатар ұстаған Ерсін Көкенұлының бейнесі әр жүректе сақталған жарық сәуле.

Жасанды интеллекттің игілігі

Қазіргі таңда ХХІ ғасырда технология күннен-күнге қарқынды даму үстінде. Ал, солардың ішінен ең ерекшесі – жасанды интеллект. Ол адам өмірінің барлық салаларына еніп келе жатыр. Мысалға айтатын болсақ, ғылымға, білімге, өнеркәсіпке, медицинаға және т.б. Осының ішінен жасанды интеллект қазіргі таңда білімге ерекше әсерін тигізуде. Бұл технология оқушы мен мұғалімдердің жұмысын 10 есе жеңілдетіп, мұғалімдерге білім беруде жаңа әдістер, идеялар ұсыну арқылы оқушылар мен мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер ашуда.



Сурет ашақ дереккөзі

Енді жасанды интеллекттің білім саласына тигізген әсері және өзгерістері туралы толығырақ айта кетейін. Ең бірінші – қазіргі уақытта барлығы білетін және қолданатын ChatGPT. Бұл тиімді ЖИ негізінде құрылған чат-бот оқушылар мен мұғалімдерге қажетті ақпаратты жылдам, әрі оңай табуға көмектеседі. Сонымен қатар, ЖИ білім алуда географиялық, тілдік кедергілерді азайтады. Мысалы, онлайн курстар арқылы 11-сынып оқушыларына УБТ-ға дайындалу әлдеқайда жеңіл, әрі ыңғайлы. Жасанды интеллект оқыту барысын қызықты әрі тартымды ететін

платформа, құралдарды ұсынады. Мысалы, виртуалды шындық технологиялары негізіндегі ойын сабақтары оқушылардың ынтасын арттырады.

Дегенмен, жасанды интеллекттің білім саласына әкелген орасан зор үлкен мүмкіндіктерімен қоса, тигізетін зиянды жақтары бар. Айта кететін болсам, ең бірінші, ол – жасанды интеллект тірі жан, адам емес. Ол ұстаз секілді оқушымен сөйлесіп, баланың ішкі жан дүниесін, қабілетін, мінезін танып біле алмайды. Ал, мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас білім беру процесінде-



гі маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, балалардың ойлау, өз бетімен іздену қабілеттері әлсірейді. Себебі, ЖИ оқушылардың сұрақтарына жылдам жауап беріп, олар дайын ақпаратқа тәуелді болып қалады. Бұл баланың миының жұмыс жасауына да әсер етеді.

Жалпы, сарапшылар ЖИ-дің білім беру саласына әкелетін пайдасын мойындай отырып, оны қолданудағы шектеулер мен тәуекелдерді де ескеру қажеттігін атап өтеді.

Мен өзімнің мектебімдегі мұғалімдердің жасанды интеллектіге деген көзқарастары қандай екенін білу үшін сауалнама жүргізген болатынмын. Мұғалімдердің 70% пайызы «ЖИ қолдану керек» десе, 20% пайызы «қолданбау керек» деп жауап берген болатын. Қалған 10% пайызы «екі жақты да қолдаймын» деді.

Қазіргі таңда жасанды интеллекті қолдануға АҚШ-та тыйым салынған болатын. Олар, тіпті, ЖИ-ді алаяқтыққа тенейді екен. Қалай ойлайсыз, бұл дұрыс па, әлде, қате ме? Біздің елімізге де білім саласына жасанды интеллекті қолдануға тыйым салу керек деп ойлайсыз ба?

Сөз соңында айтарым, жасанды интеллект білім саласына көптеген жаңалықтар әкелгенімен, оның зиянды жақтарын да ескеру қажет. Бір сөзбен айтқанда, балансты сақтаған жөн. Егер біз технологияны дұрыс бағытта қолдау арқылы ЖИ-дің зиянын азайтсақ, білім сапасын әлдеқайда жоғарылатуға болады.

Айша СЕЙІТЖАН,
әл-Фараби атындағы мектеп гимназиясының
11-сынып оқушысы

• ӨНЕР ӨРІСІ

Сұрапыл соғыстың салдары

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы туралы сөз болғанда, ең алдымен, көз алдымызға қазіргі бейбіт өміріміз үшін жанын пида еткен, ерлікпен шайқасқан батырлардың асқақ бейнесі келеді. Осындай қанды қақтығыстың зардаптарын, соғыстан кейінгі қоғамның қасіретін шынайы көрсете білген «Жоғалған дос» драмасын С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры сахналады. Қойылым жазушы-драматург Тахауи Ахтановтың әңгімесінің желісін сахналанып, премьерасы екі күн қатарынан көрермен назарына ұсынылды.

Төрт кейіпкер тағдыры арқылы соғыстың адам санасында қалдырған жазылмайтын жарасын бейнелей білген бұл драма шынайылығымен ерекшеленді. Әрбір актер өз рөлін асқан жауапкершілікпен орындап, соғыстың зардабын көрермен жүрегіне жеткізе алды. Соның ішінде, Бабатай бейнесін сомдаған Нұртілек Асылбек өз кейіпкерінің ішкі мұңын нәзік те сенімді жеткізді. Соғыс жылдарында дүниеге келіп, көп ұзамай жетім қалған жас Бабатай – сырттай қарағанда жайдары мінезді, айналасына тек жақсылық тілеп жүретін жан. Бірақ, оның жарқын тұлкісінің астарында терең қайғы, айтылмаған трагедия жатқанын актер шебер көрсете білді.

Ғалия рөліндегі Айша Смағұлова 16 жастағы бойжеткеннің тағдырын шынайы бейнелеп, соғыс балаларды ерте есейткенін көрсетті. Бұл кейіпкер арқылы адам кейде жасына сай емес, өмірдің ауыр соққысынан есейетінін, ақыл тоқтатып, өмірдің мәнін ұғына бастайтынын айқын аңғардық. Ғалияның анасы – Ғайни рөліндегі Дина Зайтова соғыс жылдарындағы адал махаббаттың символы ретінде көрінді. Оның бейнесі арқылы мыңдаған ананың, адал жардың бейнесі көз алдымызға келді.

Бахытжан Ергалиев сомдаған Маңғас бейнесі де көрерменнің жүрегін қозғады. Жүз адамның өмірін құтқару үшін алты

адамды ажалға айдаған командирдің бұйрығын орындаған Маңғас – ауыр шешімдердің құрбаны. Оның майдан даласында ең жақын досын тастап кетуге мәжбүр болғаны – өмір бойғы өкінішінің себебі. Сабырлы, сырын ішке бүккен Маңғастың ішкі күйзелісін актер аса шынайы жеткізді. Майдан даласында көрген сұмдықтарын жұрттан жасырып, жан жарасын іште сақтап келе жатқан Маңғастың «Ғалияш, бұл сұмдық жағдайды адам баласының басына бермесін!» деген сөзі бүкіл драманың түйіні секілді әсер қалдырды.

Естемесов рөлін сомдаған Айдос Нұрмағамбетов майданда мықты командир болғанымен, ақырында ақыл-есінен айырылған кейіпкердің ауыр тағдырын бейнеледі. Есін жоғалтып, кім екенін білмей кеткен адамның сағынышпен күтуден шаршаған жары мен ұрпағының үміті орындала ма, жоқ па – бұл сұрақтың жауабын көрермен қойылымнан табады.

«Жоғалған дос» драмасы – соғыстан кейінгі ауыр кезеңнің шырылдаған шындығын терең бейнелеген қойылым. Ол тек соғысты ғана емес, соғыс салдарынан бұзылған адам тағдырларын, бақытсыздыққа ұшыраған жандардың ішкі әлемін көрсете білді.

Ақниет АЛИЗАХ,
Қарағанды қаласындағы
№59 орта мектептің түлегі

Әке ізін жалғаған

Елімізде 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланғаны бекер емес. Жұмысшы кәсіп иелері – ел экономикасының негізін қалаушы тірек. Сол мамандықтардың бірі – кенші. Бұл кәсіп үлкен ерлікпен, қажыр-қайратпен, төзіммен өлшенеді. Сондай абыройлы мамандықты аркалап жүргендердің бірі – Данияр Рамазан.

Данияр 1997 жылы Ұлытау облысының Сөтбаев қаласында дүниеге келген. 2007 жылы отбасымен Қарағанды қаласына қоныс аударады. Отбасы түгелдей дерлік кенші: әкесі шахтер, ағасы шахтер, атасы да осы салада еңбек еткен. «Солардың жолын жалғап, мен де кенші болуды армандадым», – дейді Данияр.

Қазіргі таңда ол Қарқаралы ауданы, Абыз кенішінде орналасқан «Қазақмыс корпорациясы» құрамындағы шахтада электррослесарь ретінде жұмыс істейді. Абыз кеніші – Қарағанды облысындағы маңызды өндірістік нысандарының бірі. Бұл жерде көптеген кенші мен техник-мамандар еңбек етуде. Оның негізгі міндеті – шахтадағы электр жабдықтарына қызмет көрсету және оларды жөндеу. Өндіру жұмыстары кезінде су мен электр қуаты үздіксіз әрі қауіпсіз жеткізілуі үшін электррослесарь маманы үлкен рөл атқарады. Шахта астындағы электр қозғалтқыштар мен насостардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Апатты жағдайларда бірнеше минут ішінде істен шыққан жабдықты ауыстырып не қалпына келтіру – оның міндеті. Бұл үшін Данияр тәулік бойы дайын болуы керек. «Бір сәтке тоқтап қалса, бүкіл жүйе тоқтап қалады. Сондықтан біздің жұмыс – шахтаның «жүрегі» деуге болады», – дейді кейіпкеріміз.

Даниярдың бір ауысымы 15 күнге

жалғасады. Таңғы сағат 6:00-де тұрып, арнайы автобуспен жұмыс орнына аттанады. Жұмыс орнына келген соң бөлім басшысы күнделікті тапсырмаларды бөліп береді. Шахтаға түсер алдында мамандар арнайы қорғаныс киімдерін киіп, жарық шамдарын, газ-детекторларын, құтқарушы құрылғыларын тексеріп алады. Себебі, шахта астында ауа қысымы, температура, газ мөлшері әр сәтте өзгеруі мүмкін. «Қысы-жазы үздіксіз суық пен қысмының ортасында жұмыс істеу – оңай шаруа емес. Бірақ бұл – мен таңдаған мамандық», – дейді ол.

Жұмыс ауыр болғанымен, Даниярдың отбасы әрдайым оны қолдайды. Жақындарының уайымына қарамастан, олар оның бұл мамандықты жүрек қалауымен таңдағанын түсінеді.

– Бұл салада еңбек еткен әр минуттыңның бағасы бар. Себебі, қауіп-қатер көп. Дегенмен, бұл – шынайы ерлердің мамандығы. Жастарға айтарым: егер еңбек етуге дайын болсаңдар, шахтада жұмыс табуға болады. Қазіргі таңда бұл салада мамандар тапшы, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің алдағы мақсаты – өз мамандығы бойынша тәжірибе жинақтап, лауазымын көтеру, білікті маман ретінде қалыптасу. Қарапайым кенші бола тұрып, үлкен мақсаттарды алға қойған азаматтың бойындағы еңбекке адалдық, жауапкершілік – көпке үлгі.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



«Қазақмыс» корпорациясында осындай жас мамандардың еңбек етуі – өндірістің ертеңі сенімді қолда екенін білдіреді.

«Жер астындағы жұмыс – әр адамның қолынан келе бермейді. Бірақ елің үшін, отбасың үшін еңбек еткен адам қандай биіктен де көрінеді», – дейді Данияр Ермұхамбетұлы.

Осындай мамандарға қарап, еліміздің өндіріс саласының болашағы үшін аландамайсың. Данияр сияқты жастар – нағыз еңбек адамдарының жаңа буыны.

Гүлім ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Қарағанды зерттеу университетінің
III курс студенті

Сурет автордың жеке мұрағатынан

Оралбек ЖҮНІСОВ

Ақтоғайдың аяулы перзенті, қазақ журналистикасының көрнекті өкілі – Оралбек Жүнісов өмірден озды...

Оралбек Жүнісов – 1954 жылы 10 қаңтарда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақсоран шыңының етегіндегі Шабанбай би ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1974 жылы туған жеріндегі «Арқа еңбеккері» газетінің тілшісі болып бастап, бүкіл саналы ғұмырын журналистика саласына арнады.

Ол – республикалық, облыстық және қалалық басылымдарда, соның ішінде «Ауыл», «Ленинский путь», «Балқаш өңірі», «Сырлас», «Орталық Қазақстан» газеттерінде және Балқаш телестудиясында жемісті еңбек етті. Қырық жылдан астам журналистік жолында ол қазақ руханиятының шынайы жанашыры, шындықты ту еткен қаламгер ретінде ел есінде қалды.

Қоғам алдындағы өлшеусіз еңбегі үшін ол «ҚР Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, «Ұлт мақтанышы» медалімен, «Алтын сұңқар» сыйлығымен, сондай-ақ, Қазақстан Журналистер одағы мен Білім және ғылым министрлігінің арнайы марапаттарымен атап өтілді.

Оралбек аға – сөз өнерінің саңлағы. Оның «Сағынатын күн туар», «Қыстың ұзақ таңы атты», «Жұлдыздар із тастап ағады» сынды әдеби туындылары – ел мен жерге, адам мен қоғамға деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі.

Зейнет жасында да ол туған өлкесінің рухани тынысын жазбай танып, жастарды тәрбиелеу ісінде белсенділік танытып келді.

Бүгін, Ақтоғай топырағы біртуар перзентімен қош айтысуда. Ардақты ағаның жарқын бейнесі, артына қалдырған ұшан-теңіз еңбегі халқымыздың жадында мәңгілік сақталады.

Иманы саламат, топырағы торқа болсын.

А.АМАНЖОЛОВ, А.КАПАШЕВ, А.ДАРДАКОВ,
А.ҚУАНЫШБАЕВ, Б.ӘМІРҒАСЫМ, Р.ӘБЕУОВ,
С.ОШАКБАЕВ, П.ТЕМИРБЕК, А.ЖАРМАҒАНБЕТОВ,
С.СЫЗДЫКОВ, Ж.ШАРБЕКОВ, Қ.АБДРАХМАНОВА,
Г.ЕЛЕУСҒИЗОВА

№243

ТАНЫМ

Тарих үні – аманат

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы сирек қорлардың реестрін жасау жобасын бытырдан бері қолға алған. Қазіргі таңда еліміздегі сирек қорлардың саны мен мазмұнын анықтау және сақталуын қамтамасыз ету мақсатында архив, кітапхана, музей, жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарда, жеке қорларда сақталған құнды қолжазбалар мен сирек кітаптардың тізімін жасау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Ұлттық орталықтың қазіргі таңда жалпы қордағы кітаптар саны 9 мыңнан асады. Оның ішінде, аса құнды кітаптар саны 2 мыңға жуық. Қордың құнды кітаптарының 300-ден астамы XIX-XX ғғ. жататын араб, парсы, түркі (шағатай, көне өзбек, татар) тілдеріндегі сирек кітаптар. Олар қолжазбалар, типографиялық кітаптар және типографиялық баспа кітаптары болып бөлінеді. Қолжазбалардың ішінде Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» қолжазбасын атауға болады. Қолжазба XIX ғасырдай қайта көшірілген нұсқасы. Типографиялық баспадан жарық көрген кітаптар да маңыздылығы жағынан кем түспейді. Олардың ішінде Суфи Аллаһардың «Мәслак әл-Муттакин», Бурхан-ад-дин әл-Маргинанидің «әл-Хидайя фи шарх ал-Бидайя», Убайдалах Ахмад әл-Махбубидің «Шарх әл-викайя», Физулидің «Диван» және т.б. кітаптары бар. Типографиялық баспа кітаптардың ішін-

де Шамсуддин Ахтаридің «Ахтар әл-Кабир», Ибн Халликаннның «Вафийат әл-айан» және Бедиль, Навои сияқты ақындардың өлеңдер жинақтары кездеседі.

Сонымен қатар, XX ғ. басылып шыққан төте жазудағы, латын графикасындағы кітаптар, қазақ ағартушылары мен ғалымдарының еңбектері, батыс және орыс зерттеушілерінің еңбектері, 1886-1915 жылдан қамтитын Ақмола, Торғай, Сырдария, Орал, Семей облысы, Жетісу өңірі бойынша ауыл шаруашылығы, демография, мал шаруашылығы, т.б. саланы қамтитын статистикалық шолулар, шағын кітаптар коллекциясы және көне сөздіктер мен энциклопедиялар бар.

Қазіргі таңда зертхана реставрация және консервация жұмыстарының толық циклын атқарады. Мамандар Түркия, Ресей, Иран, Армения, Корея елдерінде тәжірибе алмасып, білімдерін жетілдірді. Шетелден алған білімдері мен

тәжірибелерін орталық реставраторлары отандық әріптестермен де бөлісуде. Осы бағытқа арналған іс-шара «Қазақстандағы жазба мұралардың реставрациясы және сақтау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинары жыл сайын өткізілуде.

«Uly dala murasy» ғылыми-танымдық журналы 2019 жылдан бері жарық көреді. Журналда отанымыздың тарихы мен мәдениетіне қатысы бар көне жазба мұралардың, архив деректерінің қазіргі жай-күйін таразылайтын мақалалар шығады.

«Архив-2025» жобасы аясында 2022 жылы ұлттық орталық жанынан құрылған ғылыми экспедиция тобы Ресей Федерациясының Мәскеу, Санкт-Петербург қалалары, Татарстан және Башқұртстан Республикалары, Түркия, Венгрия, Үндістан, Иран Ислам Республикасы, Мысыр және Катар мемлекеттерінде іссапарда болып Қазақстан тарихына қатысты маңызды тарихи деректерді Ұлттық архив қорына



жинақтады. Атап айтар болсақ, Тегеран қаласындағы Мәлік кітапханасынан Алла елшісінің немересі Имам Хасәе ибн Али ибн Аби Талиб(а) қолымен жазылған (көшірген) VII ғасырдағы Құран қолжазбасы, Мәскеу қаласының Ресей мемлекеттік кітапханасының қолжазбалар қорынан Ибн Умар ат Тафтазани, Хамдаллах Мустауфи Казвини, Искандер-бек Муншидің және Қазақ хандығының тарихына қатысты құнды деректері бар XVII

ғасырға жататын Шах Махмуд Чуростың тарихи қолжазбасының көшірмесі алынды. Стамбул қаласындағы Сулеймания кітапханасындағы ізвестірі-зерттеу жұмыстары кезінде қазақ жерінен және Орта Азиядан шыққан ортағасырлық ғұламалар әл-Фарабидің (Китаб аль мадхаль ила сана аль Муники, Таквим ас Сияса), Хибатулла Таразидің (Табсартуль фи Усули Дин), Наджмуддин Насафидің (Аль Фанк филь Васанк), Аль-Ис-

фиджабидің (Шарх Джамиа ас Сабир), Шамшетдин аль Құрланидің (Аль-Кифайа Шерхил хидая), Хусам ад дин Сыгнакидің (Ат Тасдид фи Шархи Тамхид), Сағди ат Туркестанидің (Ат Рисалатул ала-и-е фил Месалили Хасабие) еңбектері анықталды.

Ұлттық орталық бүгінгі күні жер-жерден қолжазбалар мен сирек кітаптарды жинаумен айналысуда. Еліміздің әрбір аймағында жазба дүниелер сақталып отыр. Олар аймақтардағы тұрғылықты халықтың сандығында, шатырында немесе сарайында сақталуы. Сақталған көне жазбалардың жағдайы өте нашар, құрып кету алдында тұрғанын көресің. Халық бұл жазбалардың аз уақытта жоғалып кету қаупі бар екенін түсінуі қажет. Ұлттық орталықтың бастамаларын қолдап, өз қолыңыздағы көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды орталыққа өткізіп, сақтап қалуға сіз де өз үлесіңізді қосыңыз.

Анар БАЙМАҒАМБЕТОВА,
Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының есепке алу, сақтау бөлімінің басшысы

Сырлы сазда сиқыр бар

Шет ауданы – шынайы талантты перзенттерді дүниеге әкелген қасиетті мекен. Олай дейтінім, Мойынты өзенін жағалай қоныс тепкен, қойы қоралас, ауылы аралас, сұраса келгенде, бірін-бірі бауырына басып, «Өзім!» деп қуана құшақ ашатын Киікті мен Мойынты кенттері ертеден-ақ әдемі жарасыммен көршілесіп күн кешіп келеді.

Көнекөз қариялардың айтуынша, бұрынырақта бұл жерлер «№10, №14-ауылдар» деп аталған екен. Бертінде теміржол құрылысы басталған соң ғана Мойынты, Киікті, Босаға атанып, жеке стансаларға айналған. Әрірек көз салсақ, бұл жұрт бірін-бірі қонаққа шақырып, терең философиялық ойларын домбыраның тілсіз көмейінен төгілген күйлерімен жеткізгені – бұл күнде бізді таңғалдырудан жалықтырмайды.

Қыздарбектің қосбасарлары мен Әбди, Әбікендердің теңдессіз, таңғажайып күйлері – сол топырақта дүниеге келген шерпе күй шеберлерінің туындылары. Ол күйлер тыңдарманын ойға батырмай ма?! Шынында, Сыдық Мұхамеджановтың балалық шағы дарынды адамдардың жанында өткен.

Киіктіден шыққан қазақтың қара домалақ баласы Мұхтар Әуезовтің қозғана түсті. Таланты жазбай танытын кырағы Евгений Брусиловский Мұхамеджановты тез-ақ өз шәкіртіне айналдырып алады.

Сыдық Мұхамеджанов көптеген опералар, симфониялар, вокалды-аспаптық шығармалар, әндер жазды. Оның шығармашылығы ұлттық музыка мен әлемдік классикалық дәстүрлерді үйлестіре білді.

Ақсұңқар ШАЙХМАНОВА

• ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

Фестиваль мәресіне жетті

Қарағандыда VII «Күкляндия» ашық фестивалі аяқталды. Бірнеше күнге созылған шара аясында көрермен Өзбекстан, Ресей және жергілікті театрлардың қойылмдарын тамашалады. Сондай-ақ, баспасөз мәслихаты мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Фестивальдің шымылдығын Өзбекстаннан келген Қашқадария облыстық музыкалық-драма театрының ұжымы «Котенок Гав» қойылымымен ашты. Ерекше атап өтетіні, бұл қойылымды шымкенттік белгілі режиссер, автор Самат Алтай сахналаған. Оның шығармашылық еңбегі көрші елдің өнерпаздарымен бірге жүзеге асып, халықаралық мәдени байланыстың нығаюына үлес қосып отыр.

Аталған театр – Өзбекстанда балалар мен жасөспірімдер арасында үлкен сұранысқа ие өнер ұжымы. 2022 жылы жаңа ғимаратта жұмысын бастап, аз ғана уақыт ішінде көпшіліктің ықыласына бөленген. Репертуары жас көрерменнің қызығушылығын оятып, тәрбиелік мәні зор қойылымдарымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, Новосибирск облыстық қуыршақ театры ұсынған «GAME OVER: Атака темного бота» қойылымы көрерменге ерекше әсер етті.

– Ол жас геймер мен компьютерлік вирус туралы, – дейді Новосибирск облыстық қуыршақ театрының директоры Юрий Горлатых. – Қойылым тақырыбына сәйкес компьютерлік декорация жасалды. Заманауи кибер-қойылымды біздің театрда режиссер Ролан Боннин қойған болатын. «Карусель сказок» III Халықаралық



фестивалінде жеңімпаз атанды. Қарағанды халқы бізді жылы қабылдады. Ұйымдастырушыларға зор алғыс.

Фестивальда Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры «Добрый доктор Айболит» және «Квакуша-путешественник» балаларға арналған интерактивті ертегісін, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры «Али баба және 40 қарақшы», Теміртау балалар мен жасөспірімдер театрының ұжымы «Слоненок» музыкалық ертегісін ұсынды. Сонымен қатар, Қашқадария об-

қа-Хаврошечка» қойылымын алып келіпті.

Арнайы ұйымдастырылған шеберлік сағатында шетелдік театр әртістері өз тәжірибелерімен бөлісті. Ұйымдастырушылар мен қатысушылар бұл фестивальдың театр ұжымдарының тәжірибе бөлісуіне жол ашатынын атап өтті.

Мадина ҚАЛИУЛЛА,
Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенті

Сурет облыс әкімдігінен

• АЙТЫС

Алтайдағы айтыста топты жарды

Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағайда өткен «Алтай – алтын бесігім» атты халықаралық ақындар айтысында жерлесіміз Дидар Қами топ жарып, бас жүлдеге ие болды. Осыған орай, мәдениет, архивтер, құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен баспасөз мәслихаты өтті.

Күллі түркі әлемінің құт қонған ұясында өткен ақындар додасында еліміздің танымал ақындарынан бөлек, көршілес Моңғолия, Қырғызстан елдерінің сөз сүйлері де бағын сынады. 12 ақыннан тұратын кіл мықтылар өзара өнер сайысына түсіп, сырлы сөздің сәнін келтірді. Ал, осы бір додадан кара үзген ақынын Арқа жұрты ардақтап, төрге шығарды. Мәдениет, архивтер, құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы ақынды жеңісімен құттықтап, сый-құрмет көрсетті.

– Айтыс – қазақтың қастерлі ұлық өнері. Шығыс Қазақстанда өткен дүбірлі додада дарабоз Дидардың топ жарып, жеңістің тұғырынан көрінуі – облыс үшін үлкен жетістік. Келесі айдың оныншы жұлдызында Маңғыстау өңірінде командалық айтыстың финалы өтетінін білесіздер. Бүгінгі қанжығамыздың майлануын жақсы ырымға балап, алдағы командалық айтыста да облыстың өнерпаздарының құрамасы топ жарып, жеңіс туын желбіретсін, – деп жылы лебізін білдірді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Командалық айтысты өткізу бастамасы тұңғыш рет өткен жылдан бастау алды. Тың



жоба ретінде қолға алынған бұл сайыста айтыстың ежелден келе жатқан сан-салалары жаңғырып, жанаша түлеуде. Айтыс ақындарынан бөлек, топ құрамы жыршы, термеші, күйші секілді дәстүрлі өнерпаздардан тұрады. Шілденің оны күні Маңғыстауда болатын ақтық сында облыстың құрамасы Түркістан облысының құрамасымен бақ сынасатын болады. Команда жетекшісі Айтбай Жұмағұлов алдағы болатын ақтық сайыс жайлы өз пікірін білдірді:

– Аламан топқа түсетін ақынның соңында тілеуін тілеп отырған елі болмаса оның додада топ жаруы екіталай. Ақынның халықтың батасын алып, елінің ризашылығына бөленуі де оның сайыста сыннан сүрінбей өтуіне жәрдемдесері анық. Ақтық сынға топ құрамы жасақталып, үзбей дайындық жасалуда. Дидар онда «қайым айтыс» түрі

бойынша өнер көрсетеді. Бак пен бап қатар шауып, сәтін салып, облысымыздың намысын қолдан бермей, жеңістің тұғырынан көрінуге бар күш-жігерімізді саламыз, – деді Айтбай Жұмағұлов.

Баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдері ақынға сауалдарын қойып, жоспарлары жөнінде сұрады. Дидар Қами сауалға салмақты жауап беріп, өз пікірін білдірді.

– Мені қолдап, әрқашан да тілекші болып жүрген Арқаның ардақты жұртына алғысымды білдіремін! Жасымнан өр Алтайды Оралханның, Қалиханның шығармаларынан оқып, тамсанып, бір барсам деп құмартып жүруші едім. Сәті түсіп, тұңғыш сапарымыз оңды болып, бәйгенің алдынан көріне білгеніме қуаныштымын! Таңдаулы ақындар қатысқан аламан айтыс өте жоғары деңгейде өтті. Ұлттық құндылықтары-

мыз ұлықталған фестивальде ерекше әсерге бөлендік. Алдағы күндері шырайлы Шымкент қаласында өтетін ақындар айтысында да топқа түспекшімін. Сіздердің әр қолдауларыңыз біздің шабытымызға шабыт қосады. Бүгінгі жеңісіміз жалғасын тауып, онда да жетістікке ұласа бергей, – деді дүлдұл ақын.

Арқаның намысын қорғайтын облысымыздың өнерпаздарына алдағы болатын ақтық додаларда тек қана жеңіс тілейміз! Арқаның айтыс аламының арғымақтары сүрінбей, бәйгеде топ жарып, жарқырай берсін!

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

Сурет ұйымдастырушылардан

• ВОЛЕЙБОЛ

Жауынгерлер жарысты

Қарағандыдағы «Жастар» спорт кешенінде Ауған соғысының ардагерлері арасында волейболдан IX республикалық турнир өтті. Оған елдің әр өңірінен 11 команда бақ сынап, өзара мықтыны анықтады. Аталған турнир жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілуде. Быттыр Ақмола облысында өтсе, биыл ардагерлер Арқа төсінде бас қосты. Әрі бас жүлде, яғни, облыс әкімінің кубогын сарапқа салды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде аймақта 1 500-ден астам ауған соғысы ардагері бар. Ал, олардың 500-ден астамы кеншілер шаһарында. Бүгінде сол ардагерлер арасында түрлі турнирлер өткізіліп, бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Соның бірі – осы турнир. Биыл кеншілер шаһарында алғаш рет өткізіліп отырғандықтан, аймақ басшысы арнайы кубок пен бағалы сыйлықтарды ұйымдастырған. Ал, қоғамдық бірлестік ұйымы да қатысушыларға арнайы жүлделер әзірлеген.

– Мұндай кездесулер біз үшін өте маңызды. Бұл – сағынышты басатын, ашық әңгімеге жол ашатын алаң. Турнир аясында түрлі мәселелер талқыланды. Әрі атқарылатын жұмыстарды да ортаға салдық. Жалпы, әр аймақтағы қоғамдық бірлестік өкілдерімен тығыз қарым-қатынастамыз. Ардагерлерге көрсетілетін қолдау, тіпті, әлеуметтік жағдайларына дейін біліп, хат алмасып отырамыз. Әрі назардан тыс қалдырмаймыз, – деді Қарағанды облыстық «Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің одағы» ҚБ төрағасы Серғали Токтабеков.

Аталған жарыс екі күнге созылды. Бірінші күні жарыс жолын Павлодар мен Жетісу командасы бастап берді. Әр команда жоғары дайындықпен келген. Әрі команда қатарында жыл сайын турнирлерді жібермей қатысатын тәжірибелі


спортшылар да жоқ емес. Солардың бірі ақтөбелік Түкембай Шалов.

– Өз басым дәл осы турнирге жыл сайын қатысамын. Быттыр Шучинскте жақсы өнер көрсеттік. Биыл Арқа төсіне келіп тұрмыз. Осындай турнирлер тек спорттық сайыс емес, бірлікке, достыққа шақырады. Әрі бұл сайыс өскелең ұрпаққа саламатты өмір салтын сақтауға, спортқа баулуға үлкен насихат, – дейді ардагер.

Павлодар облысы командасының капитаны Мырзабек Абраев сауда компаниясының менеджері. Бұл ардагеріміз аталған турнир алғаш рет ұйымдастырылғаннан бері үзбей қатысып келе жатқан көрінеді. – Өз басым үнемі қатысуға тырысамын. Жұмыстарым болса да, ертерек бітіріп, осы турнирге қатысуға жағдай жасаймын. Себебі, осындай турнирлер бізді біріктіріп, ауызбіршілігімізді нығайтады. Әр жиналғанымызда өткен өміріміздің қызық сәттерін баяндап, еске аламыз. Әр турнирге қызу дайындықпен келеміз. Осы жолы жақсы өнер көрсеттік. Дегенмен, шамалы қателіктеріміз болды. Бас жүлдеге сәл жетпей қалдық, – деді Мырзабек Абраев.

Сайыс қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысының командасы І орын иеленді. Ал, ІІ орынды астаналық спортшылар жеңіп алса, үздік үштікке павлодарлықтар табан тіреді.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан



• СУ СПОРТЫ

Сианьда сүйсінтті

Қытайдың Сиань қаласында көркем жүзуден Әлем кубогының суперфиналы өткен болатын. Байрақты бәсекеде отандастарымыз тарихи жеңіске жетіп, үздіктер қатарынан көрінді. Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен спортшылардың қатарында жерлестеріміз де ел қоржынына күміс және қола медаль салды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, биылғы Әлем кубогы төрт кезеңнен тұрды. Алғашқы бәсеке – Францияда, кейінгісі – Египет пен Канадада өткен. Ал, шешуші суперфинал Қытайда қорытындыланды. Бұл байрақты бәсекеге 16 елден 125 спортшы қатысқан. Ал, ел аттынан 14 жүзүші бақ сынап, жүлдегерлердің қатарынан көрінді.

Су бетінде сұлулық пен шеберлікті астаытқан көркем жүзуде жерлестеріміз сенімді өнер көрсетті. Өйелдер дүтінде

Ясмин Тұяқова, Арина Пушкина және Даяна Жаманчалова күміс медальға ие болды. Ал, топтық сайыста техникалық, еркін және акробатикалық бағдарлама бойынша өнер көрсеткен Наргиза Болатова, Виктор Друзин, Ксения Макарова, Арина Мясникова және Ясмин Тұяқова қола жүлдеге қол жеткізді. Бірнеше бағдарламада қатар өнер көрсеткен жерлестеріміз физикалық, техникалық әрі эстетикалық дайындықтарының жоғары деңгейде екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ХОККЕЙ

Клубтың құрамы күшейді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубының құрамы жаңа ойыншылармен толыққан еді. Бұл жолы клуб басшылығы келісімшарт мерзімі аяқталуға жақын ойыншылармен қайта келісімге келіп, жаңа шарт жасасты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

20 жастағы қақпашы Данил Кадочников – қосалқы құрамның ойыншысы. Қосалқы құрамнан шыкса да, сенімді қақпашының бірі. Өткен маусымда 27 ойын өткізіп, қақпаға бағытталған соққылардың 92,5%-ын қайтарған. Ал, бұл қақпашы үшін – керемет көрсеткіш. Сондықтан, клуб басшылығы жас қақпашыны тағы бір маусымға алып қалып, «Сарыарқа» жейдесінде айдыңа қайта шығармақшы.

Соңғы екі маусымның қырандар сапында өткізген тәжірибелі шабуылшы Кирилл Пономарев та тағы бір маусымға қалатын болды. Быттырғы маусымда отандасымыз 38 ойын өткізіп, 3 гол және 3 голдық пас берген. Жалпы, әр матчта көзге түсіп жүрген шабуылшы – құрама үшін керек-ақ. Мұндай ойыншының командаға беретіні көп. Сондықтан, тағы бір маусым қарағандылық клуб сапында өнер көрсетеді.

Құрама сапына жаңадан тағы бір қорғаушы қосылды. Бұл жолы «Ақтөбе» клубының ойыншысы Игорь Пономаревті алып келді. Клуб басшылығының бұл қорғаушыға тектен-тек көзі



түскен жоқ. 20 жаста болса да, қорғаныста сенімді, әрі шайбаға иелік етуде шеберлігі басым. Өткен маусымда «Ақтөбе» сапында 21 ойын өткізген. 1 гол салып, 1 нәтижелі пас беріпті. Дегенмен, бұл көрсеткіш төмен болса да, ойынымен жанкүйерлер есінде қалған.

Бақсақ, аталған ойыншылар жас бол-

са да, тәжірибесі толыққан. Ал, клуб басшылығы ойыншыларды таңдауда тек сандарға емес, айдындағы өнеріне, шеберлігіне мән беріп таңдағанын аңғаруға болады. Ал, жанкүйерлер мұндай құрамнан тек жеңіс күтетіні айтпасақ та анық!

Суреттер клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.		Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 4 729 №65 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА				Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ	